


**ТІЛІМІЗДІҢ ТУЫН ЖЫҚПАЙЫҚ**

5-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ



**ҚЫТАЙДЫҢ ҚУАТЫ ҺӘМ МҰРАТЫ**

7-БЕТ | ШАРТАРАП



**ОСМАН БИЛЕУШІСІ ҚАЗАҚҚА АРА ТҮСТІ МЕ?**

8-БЕТ | ҚОҒАМ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Әкімдіктер және мәслихаттар қосымша білімге бөлінетін бюджет қаражаты жетпей қалуы мүмкін деп алаңдап отыр. Білімге салынған қаражат мемлекет үшін ең басты инвестиция болуы керек. Бұл – өте маңызды мәселе. Түптеп келгенде, дамудың бірден-бір жолы – білім саласы. Сондықтан бұдан ешкім ұтылмайтыны сөзсіз. Үкімет пен әкімдер жұртшылықпен бірлесіп, жобаны жетілдіруге тиіс. Оны сапалы әрі тиімді жасау қажет.

№97
(4375)
Бейсенбі
18 тамыз
2022 жыл

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ




# ЖОЛДАРДЫ ЖӨНДЕУДЕ АЛАЛАУ ЖОҚ

Елорда жолдарының құрылысында негізгі екпін қаланың шеткі аймақтарының жөнделуіне берілген. Бюджеттен бөлінген қаржының жартысынан көбі осы жұмысқа және шаһардың күретамыр, қоғамдық көлік көп жүретін, халық көп тұратын аумақтардағы жолдардың жөнделуіне бөлінді. Бұл туралы кеше қалалық мәслихаттың кезектен тыс сессиясында қала әкімі Алтай Көлгінов айтты.

– Жақында жаңа көпірді аштық. Ол халықтың игілігіне жұмыс істеп тұр. Қазір Мәңгілік ел даңғылында жол жөнделіп жатыр. Бізде бәрі сол жағалауда жасалып жатыр деген стереотип бар. Бұл дұрыс емес, «Оңтүстік-Шығыс» тұрғын алабында, «Көкталда», «Агроқалашықта», «Интернациональныйда», «Үркерде», барлық жерде жолдарды жасап жатырмыз. Жыл сайын жоспарға сәйкес қаланың басқа да шеткі аудандарында, елді мекендерде жолдарды жөндейміз. Жеңіс, Бөгенбай батыр даңғылдарында, Бейбітшілік көшесінде, Қарасай батырда, басқа да көшелерде жөндеу жүргіздік. Қаланың барлық ауданына тең, бірдей қараймыз. Биыл қыркүйекке дейін негізгі күретамыр жолдардың бәрін жөндеп, балалар мектепке барғанша кептелісті азайту үшін жұмыс істеп жатырмыз, – деді Алтай Көлгінов.

Қала көшелерінде жөндеу жұмыстары жалғасуда. Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының биылғы жоспарына сәйкес, 68 шақырымға созылатын 131 көшені жөндеу жұмысы қарқынды жүріп жатыр.

Оның ішінде ұзындығы 38,6 шақырымды құрайтын 53 учаскеде көшелерді орташа жөндеу жұмысы аяқталды. Биыл бес жол нысанының құрылысын аяқтау жоспарлануда. Орталық көшелерді жөндеумен қатар тұрғын үй алаптарындағы жолдарды асфальттау жұмысы қатар атқарылуда.

## ЖАҢА НЫСАНДАР БОЙ КӨТЕРЕДІ

Кеше Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында қалалық Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының басшысы Әнуар Саипов жалпы сомасы 1 млрд 500 млн теңгелік жалпы ауданы 8 гектарды құрайтын 15 нысан құрылысы бойынша жер телімдерін сатып алудың келісімшарттар жобасын ұсынды.

Амангали
ҚАЛЖАНОВ

Бұған Шарль де Голль және А.Тоқпанов көшелерінің қиылысындағы көшенің құрылысы, Қабанбай батыр даңғылы мен Хусейн бен Талал көшелері аудандағы, сондай-ақ Тұран даңғылы мен 227-көшеде әкімшілік ғимараттардың құрылысы, №38 көшеден бастап Абылай хан даңғылына дейінгі Хусейн бен Талал көшесін салу, Тәуелсіздік даңғылы мен Шарль де Голль көшесі қиылысында, сондай-ақ К.Күмісбеков және Ш.Қосшығұлұлы көшелері ауданында, сонымен қатар «Комсомольский» тұрғын алабында бой көтеретін паркингі және жапсарлас тұрғын жайлары бар көппәтерлі тұрғын үй кешендері кіріп отыр.

Бұған қоса, Ш.Айтматов көшесінен батысқа қарай өзен арнасын қайта салу, А50 және А51 көшелері құрылысы, Е796 және Е899 көшелері ауданында, А.Тоқпанов көшесінде, А.Иманов пен Егемен Қазақстан көшелерінде мектептердің құрылысы, Ш.Қосшығұлұлы, 8 мекенжайы аумағын абаттандыру, А.Иманов көшесінен Бөгенбай батыр даңғылы аралығында Асан қайғы көшесінің құрылысы, «Интернациональный» тұрғын алабында сорғы-сүзгі стансасын салу жоспарланған.

## ГАЗДАНДЫРУ ҚАРҚЫНДЫ

Бас қалада газдандыру жұмысы қарқынды жүргізілуде. Қаланың экологиялық жағдайына оң әсерін тигізетін газдандыру мәселесі – Мемлекет басшысының бақылауында. Бұл туралы қала әкімі Алтай Көлгінов кеше қалалық мәслихаттың кезектен тыс сессиясында тағы еске салды.



«Тиісті қаражат бөлінді. Алматы және Сарыарқа аудандары толық газдандырылды. Қазір үй мен үй арасын газға қосу жұмысы жалғасуда. Президент Жарлығына сәйкес, дебюрократизация жүргізілуде. Бұрын газға қосу үшін 8 құжат тапсыру керек болса, қазір оларды 4 құжатқа қысқартып, соның арқасында газға қосылу екі есеге ұлғайды» деді әкім.

4



# 250 МЫҢ АДАМНЫҢ ТҰРМЫСЫ ЖАҚСАРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бәйтерек» холдингінің басқарма төрағасы Қанат Шарлапаевты қабылдады. Президентке холдингтің биылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметінің қорытындылары мен агроөнеркәсіптік кешенді қолдау, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндалды.

Президентке берілген мәліметтерге сәйкес, ірі бизнесті қаржыландыруға 143 миллиард теңге, шағын және орта бизнеске 510 миллиард теңге, агроөнеркәсіп кешеніне 241,3 миллиард теңге жұмсалған. Холдингтің қолдауымен жеке құрылыс салушылар жалпы ауданы 759 мың шаршы метр үйді пайдалануға берді. Жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын сатып алу арқылы ауданы 56 мың шаршы метр тұрғын үй салынып, қолданысқа берілді. Бұл ретте 39 мың отбасы, соның ішінде 7,2 мың кезекте тұрған азаматтар жеңілдігі бар ипотекамен тұрғын үй сатып алды.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында холдинг «Жасыл-Даму» АҚ қаражаты есебінен отандық ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдетілген лизингі бағдарламасына қатысуға өтініш қабылдай бастады. Жеке тұрғын үй қорының жалдау ақысын субсидиялау тетігі енгізілді. Одан бөлек, Қанат Шарлапаев ұсынған ақпаратқа сәйкес, 2022 жылы холдингтің қолдау көрсетуімен 2 миллион шаршы метр тұрғын үй немесе 29,6 мың пәтер пайдалануға беріледі. Жалпы аталған шаралар 250 мың адамның тұрмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Қанат Шарлапаевқа бизнесті дамытуды жақсарту және әлеуметтік тұрғын үй саясатын жетілдіру бағытында бірқатар нақты тапсырма берді.

# 475 МЫҢ ОҚУШЫ КӨМЕК АЛАДЫ

Премьер-министр орынбасары Ералы Тоғжанов аз қамтылған отбасылардың балаларын мектеп формасымен және керек-жарақпен қамтамасыз ету мәселелері жөнінде селекторлық кеңес өткізді.

Вице-премьер мектеп тауарлары бағасының алып-сату салдарынан өсуіне жол бермеу бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы уәкілетті органдардың есебін тыңдады. Сондай-ақ кеңесте Жалпы білім беру қорының қаражаты есебінен халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларға материалдық көмек көрсету бойынша Оқу-ағарту министрлігінің ақпараты ұсынылды.

Жыл сайын жалпыға бірдей міндетті орта білім беру бағдарламасы (Жалпы білім беру қоры) аясында халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларға материалдық көмек көрсетіледі. Жекелеген санаттағы білім алушыларға көмек көрсетуге бөлінетін қаржы киім, аяқ киім, оқулықтар, оқу құралдарын, мектеп керек-жарақтарын сатып алу, тамақтандыруды ұйымдастыру, қаржылық көмек көрсетуге бағытталады.

Осылайша биыл Жалпы білім беру қоры есебінен өңірлер 475 мыңнан астам оқушыны қолдауды жоспарлап отыр. Бөлінген қаражаттың жалпы көлемі 49 млрд теңгені құрайды. Осы уақытқа дейін материалдық көмек көрсету орталықтандырылып, жергілікті атқарушы органдармен мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша жүзеге асырылды. Жалпы білім беру қорынан көмек алатын ата-аналардың тауарлар сапасы мен ассортименті бойынша өтінішін ескере отырып, биыл ақшалай қаражатты тікелей ата-аналардың есеп карталарына аудару арқылы материалдық көмек көрсету тетігі енгізілді. Негізгі өзгерістер: біріншіден, ата-аналардың киім, мектеп керек-жарақтарын жеткізушілерді өз бетінше таңдауын қамтамасыз етуге; екіншіден, әрбір балаға қаражаттың біркелкі көлемін белгілеуге (бірыңғай қағидат); үшіншіден, ата-аналардың түрлі сауда орындарында сатып алу мүмкіндіктерін кеңейту есебінен мектеп формасының құнын төмендетуге; материалдық көмек көрсетудің ашық тетігін енгізуге бағытталған.

Сондай-ақ азаматтардың өтініштеріне жедел ден қою үшін Е.Тоғжанов білім беру ұйымдарында «қызу желілердің» үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуді және көмек көрсетуге ниет білдірушілерді (еріктілер, кәсіпкерлер, меценаттар, ҮЕҰ және т. б.) тарту бойынша үгіт-насихат жұмысын күшейтуді тапсырды. Бұл бағыттағы жұмыс Үкіметтің тұрақты бақылауында болмақ.



# ТАПШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУДІ ТАПСЫРДЫ

Премьер-министр Әлихан Смайылов Үкімет отырысында ішкі нарықты жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету бойынша тапсырма берді. Үкімет басшысы кейбір өңірлерде дизельдік отын бойынша проблема туындап отырғанын атап өтті.



«Бұл азаматтарымыздың наразылығын тудыруда. Егіс науқаны басталар алдында мұндай проблема қалай орын алып отыр?» деген сауал қойды Әлихан Смайылов Энергетика министрі Б.Ақшолақовқа.

Өз кезегінде Болат Ақшолақов дизель отынына жоғары сұранысты жабу үшін барлық ресурстың бірінші кезекте ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен ЖҚС-ға бөлінетінін хабарлады. Өнеркәсіп кәсіпорындары мен ҚТЖ үшін отын қалдықтары екінші кезекте бөлінетін болады, ал жетіспеген жағдайда қажетті көлем импортталмақ.

Бұдан бөлек, министрлік шекара периметрі бойынша транзиттік көлік үшін дизель отынына сараланған баға белгілеуді көздейтін бұйрық жобасын әзірледі. Бағалар тұрғылықты жеріне, тұтыну көлеміне және көлік түріне қарай сараланатын болады. Мәселен, қазақстандықтар үшін жүргізуші куәлігі болған жағдайда, қазіргі баға – 230-260 теңге бойынша лимит тәулігіне 100 литр дизель отынын құрайды, Қазақстанда тіркелген жүк көлігі үшін – тәулігіне 300 литр. Қалған адамдар тобына, сондай-ақ көрсетілген көлемнен артық дизель отыны үшін 1 литр 450 теңгеден сатылатын болады.

Баяндаманы тыңдап болғаннан кейін Үкімет басшысы Энергетика министрлігіне отандық нарықта жанар-жағармай тапшылығын болдырмау үшін барлық шараларды уақытылы қабылдауды тапсырды.

«Жанармай құю стансаларының иелерімен тиісті жұмыс жүргізу керек. Азаматтарымыз бен ауыл шаруашылығы саласы зардап шекпеуі керек. Болат Оралұлы, жағдайды күнделікті жеке бақылауыңызда ұстаңыз» деп тапсырды Премьер-министр.

# ЕЛОРДА БЮДЖЕТІ: НЕГЕ БАСЫМДЫҚ БЕРІЛДІ?

Кеше Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимовтың төрағалығымен өткен мәслихаттың кезектен тыс сессиясында елорданың 2022-2024 жылдарға арналған бюджетіне енген өзгерістер бекітілді. Қала әкімі Алтай Көлгінов қатысқан жиында бұл өзгерістермен қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Маңқараев таныстырды.




Аманғали ҚАЛЖАНОВ

– Мемлекеттік әлеуметтік міндеттемелерін орындау басымдылығын негізге ала отырып, әлеуметтік саланы қаржыландыру мәселелері ерекше тәртіппен қаралады. Әлеуметтік салаға шамамен 21,4 миллиард теңге бағытталды. Бұл бюджеттік сала кәсіпорындары мен ұйымдары қызметкерлерінің жалақысын көтеруге, Қарттар күніне орай әлеуметтік көмек алушылар санының өсуіне, жеке көмекшінің және инватакси қызметтерін көрсетуге бөлінді, – деді Қ.Маңқараев.

Оның айтуынша, бұдан басқа гранттар беру арқылы халықтың әлеуметтік осал топтары арасында кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру, әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасын тұрақтандыру үшін қаражат жоспарланды.

Денсаулық сақтау саласына да қаржы бөлініп отыр. Соның ішінде ангиограф пен дәрілік заттарды сатып алуға, дербес жылыту бойынша шығыстарды төлеуге, медицина нысандарын күрделі жөндеуге бөлінеді.

Ал білім саласында педагогтардың еңбекақы қорына, оқулықтарды сатып алуға, жоғары оқу орындарында 1200 орындық педагогикалық және медициналық мамандықтарды оқытуға мемлекеттік тапсырыс қарастырылды.

– Мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырыстар бойынша қосымша қаржыландыруға, аула клубтарын жабдықтауға, мәдениет және спорт кәсіпорындарын ұстауға және күрделі шығыстарды қаражат қарастырылды, – деді баяндамашы.

Оның сөзінше, қаржының едәуір бөлігі қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге, инфрақұрылымды нығайтуға, жол-көлік желісін күтіп ұстауға және дамытуға бағытталады. Атап айтқанда, көлік инфрақұрылымын дамыту саласында қала көшелерінің құрылысын аяқтауға және жолаушылар тасымалын субсидиялауға қаржы бөлінеді.

Ал құрылыс саласында тұрғын үйлер мен мектептердің құрылысын жалғастыруға, әлеуметтік нысандарға инфрақұрылым тартуды аяқтауға және 2021 жылы коммуналдық тұрғын үй қорына сатып алынған пәтерлердің берешегін өтеуге қаражат қарастырылды.

– Жылу-энергетикалық жүйені дамытуға, «Оңтүстік-Шығыс» газ қазандығының құрылысын бастауға қаражат қарастырылды. «Қорғалжын» және «Тельман» тасжолы ауданында инженерлік инфрақұрылымы бар газ қазандығын жобалауға, 2-ЖЭО-ны қайта жаңғыртуға, табиғи газ бен көмір мен мазутты бірге жағу үшін стансаішілік газ бөлуді жайластыру жұмыстарын жалғастыруға, «Промышленный», «Кирпичный», «Оңтүстік-Шығыс» тұрғын алаптарында сумен жабдықтау, су бұру және нөсер кәріздері желілерін салуды жобалауды жалғастыруға қаражат қарастырылды, – деді Қ.Маңқараев.

Аудандардың әкімдіктері көшелерді ағымдағы ұстау, аулаларды санитарлық тазалау және абаттандыру жұмыстарын жалғастырады. Полиция департаментіне жалақыны көтеруге, коммуналдық қызметтерге және тұрғын үй төлемдерін төлеуге қосымша қаражат көзделді.

– Осылайша енгізілетін өзгерістерді ескере отырып, Нұр-Сұлтан қаласының 2022-2024 жылдарға арналған нақтыланған бюджетінің көлемі 885 миллиард 234 миллион теңгені құрайтын болады. Оның ішінде меншікті кірістер бойынша түсімдер – 552 миллиард 862 миллион теңге, республикалық бюджеттен трансферттер түсімі – 236 миллиард 927 миллион теңге. Бұл өзгерістер елорданың нақты қажеттіліктерін, Мемлекет басшысының тапсырмаларын, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды ескере отырып теңестірілді. Бюджетті алдын ала қарау кезінде мәслихат депутаттарының ескертулері мен ұсыныстары ескерілді, – деді Қ.Маңқараев.

# МЕРДІГЕРГЕ ҚАТАҢ ШАРТ ҚОЙДЫ



Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов №3 жылу-электр орталығының ұзаққа созылған құрылысына қатысты түсініктеме берді.

«Біз мердігерге хабарлама жіберіп: «Сіз 10 жылдан астам уақыт №3 ЖЭО-ны салып жатырсыз, ал қала аумағында құрылыс қарқынды өсіп келеді және біз оны жылумен қамтамасыз етуіміз керек. Қанша созуға болады? Бюджеттен ақша бөлдік, қаражат бар, жұмысты дұрыс ұйымдастыру керек. Болмаса сотта жауап бересіз» дедік. Мердігерге қатаң шарт қойдық» деді Алтай Көлгінов қалалық мәслихат отырысында. Қала басшысы мәслихат депутаттарының қоғамдық бақылауға қатысуын өтінді. Мердігер жұмысты қайта бастауға және тездетуге уәде берген.

# ЖӘРМЕҢКЕДЕ БӘРІ БАР

Мектепке дайындық қызу жүріп жатыр. Жаңа оқу жылына сақадай сай әзірлік – басты мақсат. Ата-аналар мектеп формасын тіктіріп, оқу құралдарын алу үшін арзандау деп мектеп базарлары мен тауарлар жәрмеңкесін жағалайды.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

17-21 тамыз аралығында EXPO халықаралық көрме орталығында «Kids EXPO. Балалар әлемі» балаларға арналған тауарлар жәрмеңкесі ашылды. Жәрмеңке Мемлекет басшысы жариялаған Балалар жылы аясында өтіп отыр. Шараны ұйымдастырушы – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы.

Аталмыш жәрмеңкеде ата-аналар балаларға қажеттінің бәрін: кеңсе тауарлары мен мектеп формасын, ойыншықтар мен дамыту ойындарын, киім мен аяқ киім сатып ала алады. Барлығы бір жерде және қолжетімді бағамен сатылады. Сондай-ақ мұнда арнайы ата-аналар мен балалар үшін қызықты шеберлік сыныптары, аниматорлармен ойындар, спорт ойындары және ауқымды мәдени бағдарламалар өтеді.

Бес күн бойы мұнда кітап, кеңсе тауарлары, тоқыма, білім беру, ойын-сауық және т. б. салалардың 100-ге жуық қатысушысы өз тауарын ұсынады.

Жәрмеңке барысында келушілер үшін арнайы ақпараттық-мәдени және спорт бағдарламалары ұйымдастырылады. Оған қазақстандық және халықаралық сарапшылар қатысады. Сонымен қатар педагогикалық психологтарға арналған панельдік сессиялар, кітаптардың, оқыту әдістемелерінің, мектептердің тұсаукесері, сонымен қатар тренингтер мен шеберлік сыныптары, байқаулар, балалар және мектеп киімдерінің көрсетілімі болады.

Балалар киімдері мен мектеп тауарларымен қамтамасыз ететін қызмет көрсету саласын қолдау және дамыту мақсатында жыл сайын осындай жәрмеңке өткізу жоспарланып отырғанын айта кеткен жөн.



# 1300 ЖҰМЫС ОРНЫ ҰСЫНЫЛДЫ

Жастар сарайында жұмыссыз азаматтар үшін жалпықалалық бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті.



Тұрғындардың жұмысқа орналасуына көмектесу мақсатында ұйымдастырылған жәрмеңкеге 54 жұмыс беруші қатысып, 1300-ден астам бос жұмыс орнын ұсынды. Оның ішінде 9 мекеме пробация қызметінің есебінде тұрған және жазасын өтеп жатқан жұмыссыз азаматтар үшін 197-ден астам бос жұмыс орнын ұсынды. Білім беру, сауда, қаржы, құрылыс салаларындағы мекемелер ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізіп, жұмыс іздеп жүрген азаматтардың түйіндемесін қабылдады.

Қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығы директорының орынбасары Талғат Есімов жыл соңына дейін әлі осындай 8 бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтетінін айтты.

«Соңғы екі жылда карантин шектеулеріне байланысты қалалық бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өткен жоқ. Біз осы жылдың соңына дейін жалпы 10 жәрмеңке ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз» деді Т.Есімов.

Жұмыс табуға ниетті азаматтардың қатарында еңбекке енді араласатын жас мамандар болса, енді бірі тұрмыстық жағдайға байланысты жұмыс орнын ауыстыруды көздейді. Солардың бірі – елордаға қоныс аударған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Алтынгүл Өңей.

«Мен Аршалы ауданы Сарыоба орта мектебінде 17 жыл қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ бердім. Биыл отбасылық жағдайға байланысты елордаға көштік, бірақ әлі жұмыс таппадым. Қала бойынша 30 мектепке барып көрдім, бірақ мұғалім жеткіліксіз. Мысалы, қалалық бір мектепке конкурсқа қатысып жатырмын, бір жұмыс орнына 55 мұғалім үміткер. Осы жәрмеңкеде бірнеше мекемеге түйіндеме тапсырдым, жақсы хабар күтемін» деді А.Өңей.

Жәрмеңкеде жұмыс берушілер қатарында қалалық Халыққа қызмет көрсету орталығы қатысып, 5 бағыт бойынша бос жұмыс орнын ұсынды. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» Нұр-Сұлтан қалалық филиалының өкілі Бақтияр Әлиақпаров елордадағы орталықтарға 50 адам жетіспейтінін атап өтті.

«Елордада 9 ХҚО бар. Қазір қызмет көрсету орталығына жұмысқа кіру жеңілдеді. Үміткерлер психологиялық тест тапсырмайды, жұмысқа әңгімелесу арқылы қабылданады. Ерекше қажеттілігі бар азаматтарды да жұмысқа алу жағы ойластырылған. Бүгінгі жәрмеңкеде түскен түйіндемелермен танысып, барлық талапқа сәйкес келетін азаматтарды жұмысқа қабылдаймыз» деді Б.Әлиақпаров.

# ӘЛЕУМЕТТІК КАРТА БЕРУ ЖАЛҒАСАДЫ

Биыл күзде елорда әкімдігі Amanat партиясымен бірлесе отырып, қанатқақты жоба ретінде әлеуметтік карталарды беруді іске қосады. Қазіргі кезде айналымға 14 млрд теңге бөлінген.

«Азық-түлік бағасы күрт өскен кезде, яғни елімізде өндірілмейтін өнімдер бойынша баға шарықтаса, онда әлеуметтік карта атаулы сипатта болады. Бұл карталар халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына арналады. Осы орайда сауда желісін қамтып тұрған «Magnum» өкілдерімен келістік. Алдағы уақытта басқа да гипермаркеттерге осы тәжірибені таратамыз» деп түсіндірді қала әкімі Алтай Көлгінов.

# 100 ЭЛЕКТРОАВТОБУС ЖЕТКІЗІЛЕДІ

Бас шаһарға қосымша 400 автобус қажет. Бұл туралы қалалық мәслихаттың сессиясында айтылды.

«Екі жыл бұрын 100 электроавтобус сатып алған едік. Қазір оның несиесін жауып отырмыз. Енді бізге қосымша 400 қоғамдық көлік керек. Тұрғындармен кездесу кезінде автобустар мәселесі жиі көтеріліп келеді. Сондықтан біз үш инвесторды шақырдық. Оның біреуі келісіп, жыл соңына дейін 100 электроавтобусты өз қаражатына алып келеді. Ол өз қаражатына автобус паркін де салды» деді қала басшысы А.Көлгінов. Осы орайда ол қоғамдық көлік саласын дамытуға қажетті жәрдемақыны жыл сайын беруді тілге тиек етті.

## ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

– Мен Нұр-Сұлтан қаласының тұрғынымын. Мектеп жасындағы үш балам бар, жолдасым қайтыс болған. Әкімдіктен қандай көмек болар екен, осыған не айтасыз?

**Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:**

*– 2022-2023 оқу жылында аудан әкімдіктерімен бірлесіп, демеушілік қаражат есебінен керек-жарақтары бар мектеп рюкзактары түрінде әлеуметтік осал санаттағы 16 мыңнан аса баланы қамту жоспарланып отыр. Дәстүрлі «Жалпыға міндетті білім беру» бағдарламасы аясында оқушылардың мектеп киімін, аяқ киімін және қажетті кеңсе тауарларын сатып алу үшін көмек көрсетіледі. Білім алушылар қажетті керек-жарақтарды сатып алу үшін материалдық көмек ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың немесе кәмелетке толған білім алушының өтінішіне сәйкес ақшалай беріледі. Материалдық көмек алушы өтініш жазып, банктік карточканың 20 таңбалы нөмірін ұсынады. Немесе материалдық көмекті аудару үшін банкте арнайы шот ашуы қажет. Қаражаттың мақсатты пайдаланылуын міндетті түрде құжаттамалық растаумен (түбіртек, чек, фото) оларды сатып алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде білім беру ұйымына тапсыру керек.*

## АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

**Айнұр АМАНҚЫЗЫ, елорда тұрғыны:**

**– Нұр-Сұлтан қаласында қазір 1 миллион 200 мыңнан астам халық тұрады. Менің түсінбейтінім – неге қоғамдық көліктер кешкі 21.00-ден кейін жүрмейді? Такси удай қымбат, қарапайым халық, студенттер қалайша түнге дейін үйіне, жатақханаға жетеді?**

***Бұл сұраққа CTS компаниясы қоғаммен байланыс департаментінің директоры Нұрсұлтан ИБРАЕВ жауап береді:***

– Пандемияға дейінгі кезеңмен салыстырғанда жолаушылар ағынының төмендігіне және жүргізуші құрамының тапшылығына байланысты оңтайлы көлік қызметін қамтамасыз ету үшін бағдарлар кестесі модельденеді. Бүгінгі таңда бағдарлар 06:00-ден 23:00-ге дейін жүреді, бұл соңғы аялдама пункттеріндегі бағдарлар қозғалысының толық аяқталуын білдіреді. Сапарларды жоспарлау кезінде осыны ескеруді сұраймыз.






# ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ

Райхан РАХМЕТОВА

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Биыл Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі «Қазақ Газбен» бірлесіп, газдандыру процесін жеңілдетуге бағытталған бірнеше бастама арқылы жұмыс күшейтілді. Газға алғаш қосылып жатқандықтан, бастапқыда түрлі сұрақ туындауы – заңды құбылыс. Осыған орай, қала әкімдігінде өткен брифингте тұрғындар сауалдарына Нұр-Сұлтан қаласы Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы отын-энергетикалық ресурстар бөлімінің басшысы Мақсат Есмағұлов және «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ АстӨФ директоры Шота Шалов жауап берді.

М.Есмағұловтың айтуынша, қалада газ тарату желілерінің құрылысы үш кезеңге бөлінген. Қазір екінші кезең бойынша жұмыс жүргізілуде. Қаланың 10 тұрғын алабы мен 3 шағын ауданы газдандырылды. Бұл аумақта 200 мыңдай адам тұрады. Атап айтқанда, Көктал-1, Көктал-2, Агрогородок, Теміржолшылар, Өндіріс, Оңтүстік-Шығыс, Күйгенжар, Мичурино, Интернациональный тұрғын алаптарында, сондай-ақ Ақбидай, Мәскеу-Потанин көшелері ауданындағы қаланың ескі бөлігіндегі үйлер газға қосылып, 14 мың абонент көгілдір отынға қол жеткізді. Осылайша бас қаланың 5 мыңға жуық тұрғын үйі газға қосылып, 650 км газбен жабдықтау желілерінің құрылысы аяқталды. Сонымен қатар бұрын дизель отыны пайдаланылатын 1-ЖЭО және 2-ЖЭО 13 қазандығы газға ауыстырылса, биыл 1-ЖЭО-да тағы 3 энергетикалық қазандық газға көшіріледі. Қазір 15 әлеуметтік нысанды газға қосу жұмысы жүргізілуде. Сондай-ақ газға «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы, №19 мектеп, №57 мектеп, «Мейіржан» балабақшасы, «Аққанат» бөбекжайы және төрт көппәтерлі тұрғын үй қосылды. 6 мыңнан астам техникалық қызмет көрсетіліп, 50 мыңнан астам адамға кеңес берілді.

– Жалпы тұрғын үй алаптарын газдандыру және энергия көздерін газға ауыстыру тек экологияны жақсартып қоймай, бюджеттік шығындарды да азайтады. Сондай-ақ газ баллондарын пайдалануға байланысты төтенше жағдайларды болдырмайды. Бұрын жылыту қазандықтарына дизель отынын алуға көп қаржы жұмсалатын болса, енді газ қосу арқылы бұл шығын 3 есеге кемиді. Қазіргі таңда Байқоңыр және Есіл аудандарының аумағына диаметрі үлкен, негізгі газ құбырын әкелу жұмысы басталды. Бұл – екінші кезең аясындағы жұмыс. Атап айтқанда, «Тұран», «Тельман» аудандық қазандықтарына және «Ильинка», «Пригородный», «Family Village», «Өндіріс» елді мекеніне үлкен газ құбырларын жеткізу жұмысы жүргізіліп жатыр. Келесі жылы осы тұрғын алаптарында көше-көшемен газ тарату жұмыстары жүргізіледі. Осылайша барлық кезеңдерді 2024 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған. Сол кезде қаладағы бүкіл тиісті нысандар мен тұрғын үйлер газға толық көшіріледі, бұл – шамамен 300 мыңға жуық адам газға қосылу мүмкіндігіне ие болады деген сөз. Үш кезеңнің жұмысы бітіп, елорда газға толық көшірілген кезде ауаға зиянды қалдықтардың бөлінуі 40 мың тоннаға дейін азаяды, – деді М.Есмағұлов.

Брифинг спикерлері елорда әкімдігі қала тұрғындарының газды жылдам қосуы үшін бірқатар шаралар қабылдағанын жеткізді. Атап айтқанда, газ қостыру үшін құжат тізімі қысқартылды, тегін газды есептеу құралдары берілетін болды, халықтың әлеуметтік осал топтарына 430 мың теңге көлемінде ақшалай өтемақы беріледі, үйді газдандыруға банктер арқылы 1,5 жылға 750 мың теңгеге дейін бөліп төлеуге және пайызсыз несие беріледі.

– Тұтынушыларға ыңғайлы болуы үшін техникалық шартты алуға қажетті құжаттар тізімі екі есе қысқартылды. Техникалық шарттарды жедел алудың бірнеше бағыты айқындалды. Нәтижесінде осы шартты беру 5 күннен 15-20 минутқа дейін қысқарды. Шартты алуға және беруге өтінімді қабылдаудың онлайн қызметі іске қосылды, – деді Шота Шалов.

Қазіргі таңда газдың бір мың текше метріне 38697 теңге төленеді. Алайда бұл бағаны тұрғындар қымбат деп шағымдануда. Мақсат Есмағұловтың айтуынша, еліміздің барлық өңірінде үйге газ тарту құны бірдей.

– Әкімдік пен «ҚазТрансГаз» жобасында желілерді әрбір үйдің қоршауына дейін жеткізіп, жер бетіне шығару, яғни қосу нүктесін қалдырады. Одан әрі тұрғын, газбен жабдықтау туралы заңнамаға сәйкес, нарық тәртібінде аккредиттелген жеке компанияны жалдайды. Газды қосу құны мен шарты нарықтық және ешқандай мемлекеттік орган бұл қызметті реттемейді. Тұрғын компанияны өзі таңдайды және онымен келіседі. Қосу құнына қатысты көп шағым болды. Бірақ бұл тек астанаға ғана тән емес екенін атап өткім келеді. Қазақстанның барлық өңірінде осындай жайт. Мәселен, Батыс Қазақстан облысында немесе Жамбыл облысында, не болмаса елордада газ қостырсаңыз да, шамамен құны бірдей болады, – деп түсіндірді ол.

# ҚАЙ ТҰЛҒАЛАРҒА КӨШЕЛЕР БЕРІЛЕДІ?

Өткен жылдың қараша айында Нұр-Сұлтан қаласының ономастика комиссиясы отырысында және қалалық мәслихаттың көпшілік тыңдауларында, биылғы 11 сәуірде республикалық ономастика комиссиясы мен 20 мамырда қаланың Қоғамдық кеңесі отырыстарында бас қалада бірқатар көшелерге атау беру және қайта атау мәселесі қаралып, мақұлданды. Бұл туралы кеше қалалық мәслихаттың кезектен тыс сессиясында қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп баяндады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

– Алматы ауданы бойынша А82 жобалық көшеге қоғам қайраткері, ІІ Мемлекеттік Думаның депутаты, теміржол инженері, Алашорда үкіметінің мүшесі Мұхаметжан Тынышбайұлының есімін беру ұсынылды. Қазіргі Мұхаметжан Тынышбайұлы көшесі – ескі вокзалдың жанында, үйлердің арасында орналасқан қысқа ғана көше. Сондықтан халық осы мәселені көтеріп, дұрыстау бір көшені сұрап отыр. Ол жаңа вокзалдың қасында болмақ. Теміржол инженері болғандықтан, бұл идеологиялық жағынан сәйкес келеді деп ойлаймыз, – деді С.Есіркеп.

Оның айтуынша, 23-15 жобалық көшеге актер, қазақ ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі, КСРО халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қалибек Қуанышбаевтың, Есіл ауданындағы Е11 жобалық көшеге Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың, Е609 жобалық көшеге көрнекті театр сыншысы, аудармашы, педагог, КСРО-ның еңбек сіңірген өнер қайраткері Әшірбек Сығайдың, Е613 жобалық көшеге қызмет барысында қаза тапқан өрт сөндіруші Саят Абеевтің, Е632 жобалық көшеге күйші-композитор, Қазақстанның халық әртісі Тұяқберді Шәмеловтің, Е633 жобалық көшеге Алаш қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі, І және ІІ Думаның депутаты, шығыстанушы ғалым Бақыткерей Құлмановтың, Е635 жобалық көшеге полиция капитаны, Халық қаһарманы Ғазиз Байтасовтың, Е809 жобалық көшеге Шыңғысханның үлкен ұлы, Дешті қыпшақ мемлекетінің негізін қалаушы Жошы ханның, Е585 және Е865 жобалық көшелерін біріктіріп, «Едіге» жырының бас кейіпкері Әмір Едігенің, Е586 және Е875 жобалық көшелерін біріктіріп, әйгілі опера әншісі, педагог, КСРО халық әртісі Роза Жамановaның, Е589 және Е611 жобалық көшелерін біріктіріп, белгілі ақын, аудармашы Тұрмағамбет Ізтілеуұлының есімдері ұсынылған.

Сығанақ көшесінде орналасқан «Зеленый квартал» тұрғын үй кешенінің жанындағы атаусыз саябаққа «Бухарест» атауы беріледі. Сарыарқа ауданындағы қазіргі Мұхаметжан Тынышбаев және Иманжүсіп Құтпанұлы көшелері біріктіріліп, Иманжүсіп Құтпанұлы көшесі деп қайта аталады.

Қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов былтыр көше атауларына қатысты мәслихат тарапынан берілген 27 ұсыныстың 26-сы мақұлданғанын айта келе, биыл тағы 18 ұсыныс айтқандарын, олар алдағы қыркүйек айында Президент әкімшілігі мен тиісті министрлікке жолданатынын жеткізді.

Қалалық мәслихат депутаты Ерлан Сыдықов құлаққа сіңісті есімдерге назар аударды.

– Бізде Иманжүсіп болып қалыптасты ғой, оның Құтпанов екенін ешкім де білмейді. Шәкәрім Құдайбердіұлы деп айтамыз, ол елдің аузында Шәкәрім. Абай Құнанбаев деп айтудың да қажеті жоқ, ол – Абай. Бұл – санаға сіңген есімдер, – деді депутат.

# ӨРТ ҚАУПІНЕН САҚТАНДЫРАДЫ

Жыл сайын күн суытып, жылыту маусымы жақындаған кезде, адамдардың өрттен қаза тауып, жарақаттану оқиғалары көбейеді. Соның алдын алу үшін Нұр-Сұлтан қалалық Төтенше жағдайлар департаменті жеке тұрғын үй секторын аралап, тексеру жүргізеді.



Райхан РАХМЕТОВА

Тексеру шаралары 3 кезеңге бөлінеді, 1-кезең 15 тамыздан 15 қыркүйекке дейін, 2-кезең 15 қыркүйек пен 15 қазан аралығында және 3-кезең 15 қазаннан бастап жылыту кезеңінің соңына дейін жалғасады. Алдын алу шаралары кезінде департамент қызметкерлері аулаларды аралап, рейд жүргізеді, үгіт-насихат жұмысын күшейтеді. Бұл кезде пештер мен мұржалардың, электр жылытқыштардың орнатылуына баса назар аударылады. Оларды орнату кезінде үй иелеріне ақауды жою жөнінде ұсыныс беріледі, өртке қарсы тақырыптағы жадынама таратылады.

Департамент бастамасымен өрт қауіпсіздігі айлықтың бірінші кезеңінде әлеуметтік қорғау, әкімдік, тұрғын үй инспекциясы, жергілікті полиция қызметкерлерімен бірлесіп халықтың әлеуметтік осал топтарының тұрғын үйлерін аралау жоспарланған. Бұл санаттағы адамдарға ерекше назар аудару қажет, өйткені үнемі дәл осы санаттағы адамдардың өз үйлеріндегі өрт қауіпсіздігі жағдайына назар аударуға мүмкіндігі бола бермейді. Осыған орай, департамент жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, халықтың әлеуметтік осал топтары тұрғын үйлерінің тізімін құрастырды. Қазір Нұр-Сұлтан қаласы бойынша барлығы 1240 тұрғын үй есепте тұр. Сондай-ақ 2022-2023 жылғы жылу беру кезеңінде жалға берілетін 1271 тұрғын үй-жай бар. Статистикаға сүйенсек, биыл қала бойынша 445 өрт оқиғасы болып, 10 адам қаза тапқан, 11 адам жарақат алып, 10 адам құтқарылған және 26 адам эвакуацияланған. Өрттің басым бөлігі, яғни 60 пайызы тұрғын үй секторынан шыққан.

– Құрметті қала тұрғындары, электр құралдарын және жылыту пештерін орнату барысында мұқият болыңыздар! Ақауы бар розеткаларды, басқа да электр құралдарын қолданбаңыздар. От жанып тұрған пешті қараусыз қалдырмаңыздар, өрт қауіпсіздігі шарттарына сәйкес келмейтін пештерді қолданбаңыздар, бұған салғырттықпен қараудың соңы қайғылы жағдайға алып келуі мүмкін, – дейді Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Еркін Отарғалымұлы.

Өрттің шығуына отты пайдаланғанда абайламау, электр жабдықтарын дәнекерлеу және пайдалану ережелерін бұзу, жылыту пешін орнату және пайдалану кезінде, сонымен қатар тұрмыстық электр құралдарын қолдану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу себеп болады.

# БАЛАЛАРДЫ АУРУДАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

Елордалық дәрігерлер балаларды коронавирустың ауыр түріне шалдығудан қалай сақтауға болатынын айтты. Дәрігерлердің айтуынша, бала дерттің ауыр түрімен ауруы мүмкін. Негізінен, тәуекел тобына бір жасқа дейінгі және есепте тұрған балалар, яғни қант диабеті, бронх демікпесі сияқты созылмалы аурулары бар балалар жатады.



№6 қалалық емхананың І санатты педиатр дәрігері Жанар Кәрім балалардағы коронавирус инфекциясының қаупі және алдын алу шаралары туралы айтып берді.

– Міндетті түрде балаларға жеке гигиена ережелерін үйрету керек. Сондай-ақ қазір адамдар көп жиналатын орындарға, сауда, ойын-сауық орталықтарына, балалар алаңдарына баруды шектеу қажет. Маска режимін сақтауды ұмытпаңыз. Балаларды қолдарын дұрыс жууға үйрету керек, – деп кеңес береді Жанар Кәрім.

Коронавирустың ауыр ағымын болдырмау үшін дәрігерлер 12 жастан 18 жасқа дейінгі балаларды вакцинациялауды ұсынады. Бала тіркелген медициналық мекемелерде Pfizer вакцинасы салынады. Сондай-ақ 1 қыркүйектен бастап вакцинация мектептерде, медициналық пункттерде медицина қызметкерінің бақылауымен жүргізіледі.

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ







# «АТАМЕКЕНГЕ» АЛАҢДАП, ТІЛІМІЗДІҢ ТУЫН ЖЫҒАМЫЗ БА?




Жақында елорданың республикаға таралатын «Астана ақшамы» газетінде «Жарнама жайында жанайқай» деген мақала жарық көрді. Мақаланың мақсаты біреуді мұқату немесе тырнақ астынан кір іздеу емес. Редакция поштасына келіп түскен жарнамалық мәтінге байланысты қазіргі қоғамда қалыптасып отырған қазақ тілінің мүшкіл, шалажансар жай-күйіне көпшіліктің назарын аударту. Тілімізді келеке, мазақ қылатын мұндай мәтіндер қай жерде, қай қалада болса да ұлттық намысымызға, қазақи болмысымызға тиетін үлкен сын екенін ашық айту еді.

Бізге осы мақалаға орай Нұр-Сұлтан қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы қазіргі істеліп жатқан жұмыстары мен қазақ тілінің кеңінен қолданысқа ие болуына қолбайлау болып, кедергі келтіріп отырған жайларды ашық айтып, жауап жазыпты.

Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы өз өкілеттігі аясында бар мүмкіндікті пайдаланып жұмыс жүргізіп жатыр. Алайда 2018 жылы Кәсіпкерлік кодекстен жергілікті атқарушы органдардың бақылау, тексеру өкілетін алып тастағалы бизнес, шағын және орта кәсіп өкілдері Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл заңының талаптарын аяқасты ететін болды. Оған Нұр-Сұлтан қаласының және еліміздің өзге де шаһарларының көшелеріндегі тек орыс тілінде жазылған төмендегі жазулар мен қателер айғақ.

Егер бұлай кете беретін болса, енді бір-екі жылда бас шаһар көшелеріндегі маңдайша жазулары мен жарнама мәтіндерінің тілі түгелімен орыс тіліне ауысып кетуі әбден мүмкін. Көрнекі жарнама былай тұрсын, отыз жылдан бері мейрамхана мен асхана мәзірін де мемлекеттік тілге көшіре алмадық қой. Тамақ ішетіндердің дені – қазақтар. Өйткені жергілікті әкімдіктер мен Тіл басқармаларынан кәсіпкерлердің Тіл туралы заң талаптарының орындалуын бақылау құзыреті алынып тасталған.

Мұндай мемлекеттік тілдің кегежесін кейін тартатын жөнсіз қадамға Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Парламенті қалай жол беріп қойған деген ой мазалайды. Мемлекеттік тілдің жайын айтып күн сайын тебініп отыратын депутаттар мұны білмей ме?

Мемлекеттіктің ең басты белгісі – тіл. Тілі дамымаған, тілі өркендемеген ұлттың болашағы бұлыңғыр екені бесенеден белгілі. Олай болса алдағы уақытта Қазақстан Республикасындағы Тіл, Жарнама, Кәсіпкерлік туралы заңдарға қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, қолданыс аясын кеңейтетін өзгерістер мен толықтырулар енгізу керектігі кезек күттірмейтін мәселе екенін баса айтқымыз келеді.




## ТҮПКІЛІКТІ БЕТБҰРЫС ҚАЖЕТ

2022 жылғы 9 тамызда «Астана ақшамы» газетінде «Жарнама жайында жанайқай» деген тақырыпта мақала жарық көрді. Редакция еліміздегі өзекті мәселенің бірін көтерген. Алайда мақалада жазылған бір-екі мәселе бойынша алып-қосарымыз болған соң, қолға қалам алдық. Біріншіден, мақалада фотосы қойылған және мәтінде бір оқырман редакцияға жіберді делінген «үйленбеген қошқар етінен самса» деп аталатын жарнамалық мәтін бұрын да интернетте таралған және елордамызға қатысы жоқ сурет. Аталған мәтінді әлеуметтік желі қолданушылары түсінбестікпен ел астанасында орналасқандай таратуы мұны тілге тиек етуге итермеледі.

Екіншіден, мақалада басқарма қызметкерлерінің айына екі рет мониторингке шығатыны жөнінде жазылған мәлімет келтірілген. Дегенмен қала әкімінің орынбасары бекіткен кестеге сәйкес басқарма қызметкерлері аудан әкімдіктерімен, мүдделі құрылымдармен бірге қаланы аралауға күн сайын шығатынын айта кеткеніміз жөн. Осы мониторинг нәтижесінде биыл жыл басынан бері 2000-дай кәсіпкерге заң талаптарын түсіндіріп, заңға қайшы келетін 600-ден астам жарнамалық мәтінді алдырып тастауға немесе түзетіп, қайта жаздыруға ықпал етті. Оның фотоесебі басқармада бар.

Еліміздегі қолданыстағы заңнамада кез келген жарнаманың, көрнекі ақпарат мәтінінің алдымен мемлекеттік тілде жазылуы тиіс екенін нақтылайтын талаптар бар. Тіпті 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 455-бабының 3-тармағында «Қазақстан Республикасының заңдарында жарнама тарату тілдеріне белгіленген талаптарды бұзу жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға – жетпіс, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді» деп жазылған. Енді айыппұлды кім салуы тиіс деген мәселеге келейік.

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты алға тарта отырып, 2018 жылы Кәсіпкерлік кодекстен жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлерді тексеру функциясы алынып тасталды. Бақылау функциясын қайтару туралы түрлі деңгейде бастамалар болғанына қарамастан, әлі күнге оң өзгеріс жоқ.

Президентіміз 2021 жылғы 29 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат және діни қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Бұл заңды дайындау жөніндегі жұмыс тобына мені де шақырды. Парламент қабырғасында заңгерлер, тіл жанашырлары, бір топ депутаттың талап етуіне қарамастан, жергілікті әкімдіктерге кәсіпкерлерді тілдік заң бұзушылықтары бойынша бақылау құзыреті берілмеді. Бақылау құзыретінің берілмеуіне ҚР Ұлттық экономика министрлігі мен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы барынша мүдделі болды. Өздеріңіз жақсы білесіздер, кәсіпкердің мүддесіне қатысты кез келген заңға «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы келісім бермесе, заң қабылданбайды.

Соңғы 1-2 жылда жарнама, көрнекі ақпарат мәселесін реттеуге қатысты Парламентте және министрлікте бірнеше рет ресми жиналыс болды. Аталған кездесулерге прокуратура органдарының өкілдері де қатысты. Барлық жиналыста жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерге баруына құқығы жоқ екенін, мұндай факті орын алса, қызметін асыра пайдаланғаны үшін кінәлілердің заң аясында жауапқа тартылатыны ескертілген болатын.

Мәселе заң аясында реттелмесе, заңда жазылған талаптарды орындау механизмі ұсынылмаса, қол қусырып отыру да жөнсіз көрінеді. Сондықтан қазіргі таңда басқарма қызметкерлері мекеме атынан заң талаптары жазылған ресми хаттарды кәсіпкерлерге таратып, хатты тапсыру кезінде заңсыздықтарды реттеп кетуге күш салып келеді. Мұның бәрі – үнсіз, БАҚ құралдарында жарияламай жасалып жатқан шаруалар.

Сонымен қатар «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен ортақ меморандумға отырып, кәсіпкерлерге тұрақты түрде заң талаптарын онлайн түсіндіруде. Бірақ бұл мәселені түпкілікті шешудің жолы емес.

Заңда жазылған кемшілік үшін нақты шара қолдану тәжірибесі болмаса, ол олқылық жалғаса береді. Кәсіпкер де қалтасына салмақ түсіп, айыппұл төлемесе, тілге немқұрайлы қарауын тоқтатпайды. Бұл – өмірде дәлелденген тұжырым. Сондықтан тіл мәселесіне әлі де түпкілікті бет бұрылып, заңда көрсетілген талаптарды орындатуға заңнамалық негіз жасалады деген үміт бар. Мұндай болмаған жағдайда, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстен айыппұл салу немесе ескерту беру сынды талаптарды алып тастай салған жөн бе деген ойға келесің.

**Сәкен ЕСІРКЕП,**
**Нұр-Сұлтан қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы**









# ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Мектепке қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес 1-сәуірден бастап жаңа оқу жылына 1-сыныпқа оқушыларды қабылдау басталған болатын. Балаларды қабылдау 1-тамызда аяқталды.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ



### 100 ПАЙЫЗ ОҚУЛЫҚТАРМЕН ҚАМТЫЛАДЫ

– Биылғы оқу жылында бірінші сыныпқа 26 мыңға жуық бала барады, – деді Нұр-Сұлтан қаласы Білім беру басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазиев онлайн брифингте. Оқулықтарға қатысты айтатын болсам, бүгінгі күні мектеп қорында 1-11 сынып аралығында 2,5 млн. астам оқулықтар бар. Ағымдағы жылы мектептердің кітапхана қоры 2 сыныптарға арналған жаңа шығарылған оқулықтармен толықтырылатын болады. Жаңартылып, қайта шығарылған кітаптар 12-тамызда жеткізіліп, 15-тамыздан бастап таратылады. Қазіргі таңда мектептер оқулықтарды 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 сыныптарға таратуды бастады. Ағымдағы жылдың 25-тамызына дейін елордалық оқушылар 100 пайыз оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілетін болады. Бала санының өсуіне байланысты 1 миллионнан астам қосымша оқулықтар сатып алынады.

### ҮШ АУЫСЫМДЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ САНЫ АЗАЯДЫ

Көші-қон ағымына байланысты жыл сайын оқушылар саны 15-20 мың балаға артуда. Егер, 2020-2021 оқу жылында оқушылардың жалпы саны – 193 512 баланы құраса, 2021-2022 оқу жылында – 215 074 бала білім алды.

Бүгінгі таңда елордада 4 мектеп үш ауысымда (27,37,53,59), 15 мектептің бала саны шамадан тыс артуда (№ 1, 3, 15, 17, 30, 32, 58, 60, 65, 69, 71, 75, 84, 85, 89). Осы үш ауысымдық және тығыздылық мәселесін шешу мақсатында 2022 жылдың соңына дейін 23 000 орынға арналған 11 мектеп пайдалануға беріледі. Ол өз кезегінде 7 мектептің тығыздық мәселесін шешуге ықпал етеді. Қыркүйек айында екі мектеп ашылады: Е51, Е69, Е70 және «Зам-Зам» тұрғын үй кешені ауданында Binom мектебі және Е-22 және Тұран даңғылы ауданында International School Of Nur-Sultan City. Аталған мектептердегі оқушы орындарының жалпы саны 6 мыңды құрайды (екі ауысымда). Жол картасына сәйкес 2025 жылға дейін 80 880 орынға арналған 67 мектептің құрылысы жоспарланған.

### БАЛАБАҚШАЛАР: ТАЛАПТАР КҮШЕЙТІЛДІ

ҚР Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов кеңес барысында осы жылдың соңына дейін Қазақстанда 320-дан астам жаңа балабақша ашу жоспарланып отырғанын хабарлады. Өткен жылы 47 мың орындық 534 балабақша пайдалануға берілді. Елордада 60 мыңнан астам бала контингенті бар 432 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, оның ішінде 99 мемлекеттік, 330 жеке меншік, 3 ведомстволық.

Мемлекеттік тапсырыс 27504 орындық 316 жекеменшік балабақшада орналасқан. Бір балаға мемлекеттік тапсырыс сомасы 2021 жылмен салыстырғанда 38023 теңгеден 41718 теңгеге дейін ұлғайды.

Министрдің айтуынша, бүгінде 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту 88,4 %-ды, 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды – 99%-ды құрайды. Сонымен қатар, ол балабақшалардың тәрбие бағдарламаларындағы жаңартулар туралы және тәрбиешілердің біліктілігін арттыру, балабақшаларға қойылатын талаптарды күшейту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы хабарлады.

Балаларды қамтумен қатар біз балабақшалардың бағдарламаларын жаңарту бойынша да жұмыс жүргізудеміз. Бұл әсіресе маңызды бағыт. Біз мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа моделін, сондай-ақ жаңа мемлекеттік стандартты бекіттік, – деп хабарлады министр. Асхат Аймағамбетов балабақшада өзіне сенімді, қиындықтарға төзімді, дені сау, ашық және креативті ойлайтын балаларды тәрбиелеу, патриотизм, еңбексүйгіштік, білімге құштарлық сияқты құндылықтарды дамыту шығармашылық, қозғалыс белсенділігі мен ойын арқылы жүзеге асырылатынын атап өтті.

Сонымен қатар, ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов ағымдағы жылдың 1-қарашасына дейін Мектепке дейінгі ұйымдарды лицензиялау мәселелерін пысықтауды тапсырды.

### МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

Дәстүрлі «Жалпыға міндетті білім беру» бағдарламасы аясында оқушылардың мектеп киімдерін, аяқ киімдерін және мектепке қажетті кеңсе тауарларын сатып алу үшін көмек көрсетіледі. Материалдық көмек алушы өтініш жазып, несиелік қарызы жоқ және бұғатталмаған банктік карточканың 20 таңбалы нөмірін ұсынады. Немесе материалдық көмекті аудару үшін банкте арнайы шот ашуы қажет. Қаражаттың мақсатты пайдаланылуын міндетті түрде құжаттамалық растаумен (түбіртек, чектер, фото) оларды сатып алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде білім беру ұйымына тапсыру керек.

Материалдық көмек көлемі бір балаға шаққанда 40 мың теңгені құрайды (ең төменгі күнкөріс деңгейі – 37 389 теңге). Биыл 16 720 білім алушыны қамту жоспарлануда. Бүгінгі күні елордамыздағы мектептерден 8 мыңнан аса баланы қамтитын өтініштер түсті.

Анықтама үшін: 2020 жылы көмектің мөлшері бір балаға 40 мың теңгені құрады, 13 245 оқушы, 2021 жылы осындай көмекті 14 620 оқушы алды.

### «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСАДЫ

«Мектепке жол» республикалық жыл бойғы акциясы ағымдағы жылдың 1-тамызында «Мектепке жол – шекарасыз жақсылық» ұранымен басталды. Қазіргі уақытта акцияға мемлекеттік органдарды, меценаттарды, демеушілерді, үкіметтік емес ұйымдарды тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде (елорданың 30-дан астам шағын және орта бизнес субъектілеріне хаттар жолданды).

Акция шеңберінде халықтың мұқтаж санаттарының балаларына (аз қамтылған, көпбалалы отбасылар, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар), сондай-ақ әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу мақсатында демеушілік қаражат есебінен көмек көрсетіледі.

> Жалпы жаңа **2022-2023** оқу жылында аудан әкімдіктерімен бірлесіп демеушілік қаражат есебінен керек-жарақтары бар мектеп рюкзактары түрінде әлеуметтік осал санаттағы **10 мыңға** жуық баланы қамту жоспарлануда

Жалпы жаңа 2022-2023 оқу жылында аудан әкімдіктерімен бірлесіп демеушілік қаражат есебінен керек-жарақтары бар мектеп рюкзактары түрінде әлеуметтік осал санаттағы 10 мыңға жуық баланы қамту жоспарлануда.

Анықтама үшін: 2021 жылы акция аясында 8000-ға жуық бала көмекпен қамтылды, оның ішінде 3 900-ге жуық бала керек-жарақтары бар мектеп рюкзактары түрінде («Алматы» ауданы әкімдігі – 560, «Сарыарқа» ауданы әкімдігі – 800, «Байқоңыр» ауданы әкімдігі – 713, «Есіл» ауданы әкімдігі – 430, Білім басқармасы – 1356).

Дәлелсіз себептермен мектепке бармайтын балаларды анықтау мақсатында Нұр-Сұлтан қаласы полиция департаментінің учаскелік инспекторларымен бірлесіп тұрғын үй алаптарын («Үркер», «Пригородный», «Тельмано», «Заречное», «Железнодорожный», «Көктал», «Интернациональный», «Мичурино», «Промышленный», «Юго-Восток») қамти отырып, атаулы рейдтер жүргізілуде.

Дәлелсіз себептермен мектепке бармайтын 16 оқушы, «Байқоңыр» ауданы бойынша – 5, «Сарыарқа» ауданы бойынша – 4, «Алматы» ауданы бойынша – 7 оқушы анықталды. Олармен профилактикалық жұмыс жүргізіледі, сондай-ақ мектепке дайындауға көмек көрсету мәселесі қаралады.

«Байқоңыр» ауданы әкімдігінің бастамасымен қоғамдық орындарда халықтан кеңсе тауарларын жинау бойынша қайырымдылық контейнерлері орнатылды (атап айтқанда, «Аймақ», «Жаннұр» сауда орталықтары, «Әлем» базары алдында).

Шалғайдағы шағын аудандарда (саяжай алқаптарында) тұратын балалар үшін 13 жалпы білім беретін мектепте 5477 баланы тасымалдау ұйымдастырылған (№ 12, 20, 24, 40, 41, 42, 49, 55, 58, 65, 69, 88,90) және 3 арнайы түзету мектептері (№1 ШЖБМ, №2 ОЖБ, №3 ОЖБ).

### БАЛАЛАР ЖӘРМЕҢКЕСІН ӨТКІЗУ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

EXPO халықаралық көрме орталығының алаңында «QazExpoCongress «ҰК» АҚ 2022 жылғы 17-21 тамыз аралығында Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен «KIDS EXPO. Балалар әлемі» жәрмеңкесін өткізеді (мектеп және спорт формалары, аяқ киім, кеңсе тауарлары, оқулықтар, балалар және шетел әдебиеті және т.б.). Жәрмеңке күні кеше салтанатты түрде ашылды.

### КОЛЛЕДЖДЕ БІЛІМ АЛУ ТИІМДІ

Биыл Мемлекет басшысының 100 пайыз тегін техникалық және кәсіптік біліммен қамту туралы тапсырмасын жүзеге асыру аясында мемлекеттік колледждер кәсіпорындардың қамқорлығына алынды, – деді Асхат Аймағамбетов.

Енді мемлекет мамандарды тегін даярлайтын болады, ал кәсіпорындар жұмысқа орналастыру бойынша міндеттемелерді өзіне алады. Айта кетейік, мемлекеттік тапсырыс бюджеті 45 мың орынға ұлғайтылып, биыл рекордтық 128 мың орынды құрады.

Президенттің тапсырмасына сәйкес өңірлердегі әкімдіктермен бірлесіп, кәсіпорындардың өтінімдері бойынша кадрларды мақсатты даярлауды енгізе бастадық. Алғаш рет 10 мың арнайы грант бөлінді. Колледж кадрларының сапасын арттыру үшін жұмыс берушілермен бірлесіп, білім беру бағдарламалары мен оқыту мерзімдерін өзгертуде академиялық дербестік берілді. Мемлекеттік колледждер кәсіпорындардың 100% қамқорлығында, – деді министр.

Нұр-Сұлтан қаласында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің білім беру қызметін 34 колледж ұсынады, олардың 9-ы мемлекеттік. Қазір 77 мамандық бойынша даярлау жүргізілуде.

Биыл Балалар жылы аясында жастарды тегін біліммен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік білім беру тапсырысы өткен жылмен салыстырғанда 2550 орынға ұлғайтылды (4749 орын), бұл – 7 300 орынды құрайды.

Асхат Аймағамбетовтың айтуынша, бірінші кезекте колледждермен қажетті техникалық мамандықтар бойынша 9-сынып түлектерін қамту жоспарлануда.

– Бірақ NEET жастары көп өңірлерде жергілікті бюджет есебінен бөлінетін гранттардың төмендеуі байқалады. Сондықтан жергілікті бюджеттен бөлінетін қаражаттың азаюына байланысты біз республикалық бюджеттен қосымша гранттар бөлуге мәжбүр болдық. Осы орайда жергілікті атқарушы органдардан бұл мәселені бақылауға алуды сұраймын, – деп атап өтті министр.

Ол сондай-ақ колледждерге түсу үшін бірқатар жаңалықтар енгізілгенін атап өтті.

– Мамандық таңдау кезінде біз оқуға түсушілердің кәсіби диагностикасын енгіздік, соның нәтижесінде талапкерлер мамандық таңдау бойынша ұсыныстар алады. Студенттер арасында мемлекеттік тапсырысты бөлу процесі автоматтандырылды. Қабылдау емтихандары тоқтатылды. Талапкердің кемінде 1-3 біліктілікті меңгеру мүмкіндігі бар. Мемлекеттің үлкен қолдауымен «Жас маман» жобасы бойынша 180 колледж заманауи зертханалармен жабдықталды, оқу бағдарламалары жаңартылды және кадрларды сапалы даярлауға жаңа серпін берілді, – деді ол.

Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі комиссияның шешімімен мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға 26 колледжге (9-мемлекеттік, 17-жеке) рұқсат берілді.

Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау үшін неғұрлым сұранысқа ие мамандықтардың тізбесі айқындалды. Мемлекеттік білім беру тапсырысы 7300 орынға 16 бағыт және 59 мамандық бойынша қалыптастырылды.

Колледждерге қабылдау 25 маусымнан 18-тамызға дейін жүргізілді. Талапкерлер 4 оқу орнына дейін және 4 мамандықпен біліктілікке дейін (медициналық және педагогикалық мамандықтарды қоспағанда) таңдау арқылы орта буын және қолданбалы бакалавриат мамандарына өтініш берді. Бұл талапкерлерге мемлекеттік тапсырыс бойынша орын алу мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Конкурс қорытындысы бойынша мамандықтар мен колледждер бойынша талапкерлер тізімі басқарманың ресми интернет-ресурстарында жарияланады. Білім алушыларды нақты қабылдау негізінде колледждер арасында мемлекеттік тапсырыс бекітілетін болады.

## 197 МЛН ТЕҢГЕ ЖЫМҚЫРҒАНДАР...

Елордалық мектептің бірінде есепші мен шаруашылық қызметкері 7 жыл бойы мемлекет қаражатын жымқырып келген, деп хабарлайды BAQ.KZ «Айқын» ақпаратқа сілтеме жасап.



Олар еден жуушылардың есепшотына артық ақша аударып, кейін «қателесіп кетіппіз» деген сылтаумен өздеріне қайтарып алып отырған. Жымқырған ақшаның жалпы сомасы – 197 миллион теңге.

Оңай байығысы келгендер 7 жылға бас бостандығынан айырылды.

Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің ақпаратына сәйкес, жыл басынан бері осындай 22 қылмыстық іс тіркеліп, оның 9-ы сотқа жолданған.

КӨРШІ АҚЫСЫ



*Сарапшылар әлемдік тәжірибеде 40 жыл бойы ЖІӨ жылына 9,5 пайыз өскен Қытайдан басқа ел жоқ дейді. Шынында, Қытайдың кешегісі мен бүгінін саралап, рекордтық көрсеткіш қуалаудан алдына жан салмайтынын көресіз.*

*Қараңызшы, әлемдегі ең ұзын көпір Қытайда. Оның ұзындығы 55 шақырымды құрайды. Бұл көпір Гонконг-Макао-Чжухай қаласын байланыстырады. Жалпы жаһандағы ең ұзын 10 көпірдің 7-уі – Қытайда.*

*Қытай әлемдегі ең көп биік ғимараттарға ие (150 метрден жоғары). Бұл қатарға 600 метрді құрайтын «Canton» телемұнарасы, сондай-ақ, Гуанчжоу қаласындағы екі ғимарат: «CTF» қаржы орталығы (530 метр) мен «IFC» халықаралық қаржы орталығын (440 метр) атауға болады. Әлемнің ең ұзын 10 ғимаратының 5-еуі – Қытайда.*

*Әлемдегі ең ұзын су астындағы автомобиль тоннелі де Қытайда. Тайху көлінің астынан өтетін тоннель Сучжоу-Уси-Чанчжоу экспресс жолын байланыстырады. Оның ұзындығы 10,79 шақырымды құрайды.*

*XX ғасырдың 60-жылдары кедей аграрлы ел саналған Қытай әлемдік деңгейдегі қуатты елге қалай айналды?*

# ҚЫТАЙДЫҢ ҚУАТЫ ҺӘМ МҰРАТЫ

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

### АҚШ-ты АРТҚА ТАСТАЙ МА?

Дэн Сяопин экономикалық реформасында өнеркәсіп және қызмет көрсету саласын дамытуға басымдық берілді. 1979 жылдан бастап Қытай өнеркәсіп кәсіпорындарын жаңғырту және салу үшін шетелдік инвесторларды тартып, шетелдік компаниялар үшін арнайы экономикалық аймақтар құрды. Бұл бағытта 14 жаңа қала мен порт ашылып, инвесторлар үшін арнайы валюта айырбастау пункттері іске қосылды. Сөйтіп, бірте-бірте Қытай экономикасының ауыл шаруашылығына тәуелділігі азайып, өнеркәсіп өндірісіне бағыт алды.

Өнеркәсіп саласы дамып, экспорт көлемінің өсуі Қытай экономикасына серпін берді. Дүниежүзілік банктің мәліметінше, 1976 жылы ЖІӨ-нің орташа жылдық өсімі 1,6 пайыз деңгейінде тіркелсе, 1990 жылы – 9,9 пайыз, 2000 жылы – 10,3 пайыз, 2018 жылы – 6,6 пайыз. 2000 жылы Қытайдың әлемдік экономикадағы үлесі 3,6 пайыз болса, 2018 жылы 18,3 пайызды құрады. 2028 жылға қарай Қытай экономикасы АҚШ-ты басып озады деген болжам бар.

Статистикалық деректер Қытайдың қуатын көрсетіп береді. Мәселен, тауар экспорттық деңгейін саралағанда: 1970 жылы 2,7 млрд долларды құраса, 1990 жылы – 55,3 млрд доллар, 2010 жылы – 1654,8 млрд доллар, 2020 жылы 2726,1 млрд долларға жетті. АҚШ экспортының әлеуеті келесідей: 2010 жылы – 1968,2 млрд доллар, 2020 жылы – 2405,3 млрд доллар. Яғни Қытай қазірдің өзінде экспорт жөнінде АҚШ-ты басып озды.

Қытайдың әлемдік экономикадағы орны туралы айтқанда, ЖІӨ: 1990 жылы – 12-орын, 2020 жылы – 2-орын; ауыл шаруашылығы саласында: 1990 жылы – 2-орын, 2020 жылы – 1-орын; өнеркәсіп саласында: 1990 жылы – 9-орын, 2020 жылы 1-орынды көрсетеді.

Жалпы Қытай экономикасында қызмет көрсету саласы – 35,2 пайыз, өнеркәсіп саласы 30,8 пайызды құрайды. Бұл екі сала табыстың басым бөлігі екені айтпаса да түсінікті. Одан кейін сауда-саттыққа – 11 пайыз, ауыл шаруашылығы саласына – 8 пайыз, көлік және логистика саласына – 7,8 пайыз, құрылыс саласына 7,2 пайыз тиесілі.

Қытай әлемдік экономиканың көшбасшысы болу мақсатын жасырмайды әрі арзан тауар мен жұмыс күшін жеткізуші емес, инновациялық технология өндіретін локомотивке айналуды мұрат етеді. Тіпті жаһанданудың сценарийін жасауға ниетті. Бұл сөзімізге Қытай төрағасы Си Цзиньпин 2017 жылы Давостағы Дүниежүзілік экономикалық форумда «...біз экономикалық жаһандануға бейімделіп қана қоймай, оның кері әсерін азайтуымыз керек. Ұнаса да, ұнамаса да жаһандық экономика – қашып құтылу мүмкін емес үлкен мұхит» деп мәлімдегені дәлел болады.

Міне, Қытай осы «мұхитта» жан-жағын түгелімен жұтып жіберуге дайын. Оған кедей және дамушы елдерді экономикалық экспансия жасауы дәлел болады. Мәселен, REGNUM агенттігі Қытайдың Африка елдеріне инвестициясы соңғы 20 жылда 225 есеге өскенін хабарлайды. 2003 жылы Қытайдың Африкадағы инвестиция көлемі 74,8 миллион доллар болса, 2020 жылы 4,2 миллиард долларға жетті. Жалпы 2019 жылға дейін Қытай Африканың 54 елінің 52-сіне инвестиция салды.

### АФРИКА ҚЫТАЙЛАНА МА?

Ресми Бейжің қара құрлықты құрығына түсіруі қалай басталды? Бәрі 2000 жылы Қытай-Африка ынтымақтастығы форумынан басталды. Яғни Қытай Африка елдерін қамқорлығына алатын болып, инвестиция салудың жолын тапты. Сөйтіп, африкалық студенттерді оқыту, бизнесті дамытуда қайтарымсыз грант беру, жаңа жұмыс орындарына мамандар даярлау, медициналық орталықтар құру, дәрі-дәрмекпен тегін қамтамасыз ету, табиғи және техногендік апаттар кезінде гуманитарлық көмек көрсетумен қатар ұзақ жылға несиелер берді.

2000-2019 жылдар аралығында Қытайдың африкалық бизнеске берген несиесі 153 миллиард долларға бағаланды. Сөйтіп, Қытай Африка елдерінде 3,5 мыңнан астам компания құрып, өндіріс, бизнес, құрылыс, ауыл шаруашылығы және т. б. саласында миллионнан астам қытайлық келіп, мыңдаған шақырымдық жолдар, стратегиялық маңызды көпірлер, әлеуметтік нысандар салуға тартты.

2009 жылдан бері Қытай – Африка елдерінің негізгі сауда серіктесі. 2000 жылы тауар айналымы 10 миллиард долларды құраса, 2017 жылы 180 миллиард долларға жетті. Жалпы 2019 жылға дейін Қытай Африканың 54 елінің 52-сіне инвестиция салды.

Бүгінде Қытайдың негізгі серіктестері: Египет, Нигерия, Алжир, Оңтүстік Африка, Эфиопия, Оңтүстік Африка Республикасы, Конго, Ангола, Замбия, Гана, Зимбабве, Кения, Ангола, Марокко, Нигер, Камерун, Чад және т. б.

Қарыздың жүгі ауыр болатыны белгілі. Қазір Африка елдерінің Қытай экспансиясына қарсы тұратын қауқары жоқ. COVID-19 әлемдік экономикаға тікелей әсер етіп, шикізат бағасы құлдырады. Соның салдарынан Ангола, Чад, Конго, Мавритания, Судан және т. б. елдер қаржылық қиындыққа тап келіп, Қытайдың даму банкі (CDB) мен Эксимбанктен (экспорт-импорт банкі) қарыз алды.

Қарызға қызмет көрсетуді тоқтату бастамасы (DSSI) бойынша 46 ел, соның ішінде Африканың 31 елі екіжақты қарызды өтеу бойынша жеңілдік сұрап отыр.

> Статистикалық деректер Қытайдың қуатын көрсетіп береді. Мәселен, тауар экспорттық деңгейін саралағанда: 1970 жылы 2,7 млрд долларды құраса, 1990 жылы – 55,3 млрд доллар, 2010 жылы – 1654,8 млрд доллар, 2020 жылы 2726,1 млрд долларға жетті. АҚШ экспортының әлеуеті келесідей: 2010 жылы – 1968,2 млрд доллар, 2020 жылы – 2405,3 млрд доллар. Яғни Қытай қазірдің өзінде экспорт жөнінде АҚШ-ты басып озды

Мәселен, Ангола CDB банкке 14,5 миллиард доллар, Эксимбанкке 6,2 миллиард доллар қарызы бар.

Қытайдың әлемді ың-шыңсыз бағындыру саясатына ешкім бас тартқыза алмайды. Бұл – бағзыдан келе жатқан арман-мұраты. Саясаткерлер арасында АҚШ Қытайдың екпінін басуда коронавирус инфекциясын таратты дегенді қолдайтындар бар. Мұның ақиқатын білмейміз. Бір анығы, ресми Вашингтон G-7 Build Back Better World бастамасы аясында құрылған Халықаралық даму қаржы корпорациясы арқылы Қытайдың қызметіне қарсы тұруға тырысуда. Еуропалық Одақ өзінің «Африкадағы жаһандық стратегиясын» әзірледі және жүзеге асыруға мүдделі.

Әлем алпауыттары қара құрлықты игеруге жанталасуының себебі неде? Өйткені bp.com ақпараттық платформасы таратқандай, Ливия – 6,3 млрд тонна, Нигерия – 5 млрд тонна, Ангола – 1,6 млрд тонна, Алжир – 1,5 млрд тонна, Оңтүстік Судан – 0,5 млрд тонна, Габон – 0,3 млрд тонна, Чад, Оңтүстік Судан және Конго Республикасы – 0,2 млрд тонна, Экваторлық Гвинея 0,1 млрд тонна мұнай қорына иелік етіп отыр. Табиғи газ бойынша көрсеткіштер: Нигерия – 5,3 триллион текше метр, Алжир – 4,5 триллион текше метр, Египет – 1,8 триллион текше метр, Ливия – 1,5 триллион текше метр.

Қысқасы, Африка құрлығы Қытай билігі үшін өз ойын жүзеге асыруға оңтайлы орын болып тұр. Енді қытайлықтарды қуса да кетпейді. Оған Африка елдерінің дәрмені де жоқ. Себебі Қытай банктеріне белшесінен қарызға батты.

### ДАМУДЫҢ СЫРЫ НЕДЕ?

Қытайдың Орта Азия елдерінің энергетикалық ресурсына қызығушылығы жоғары. Өз кезегінде Қазақстан билігі де Қытайды инвестициялық ынтымақтастық саласында маңызды серіктес санайды. 1993 жылы Қытай 5 миллион доллар инвестиция салса, 2019 жылы 340 есеге өсіп, 1,7 миллиард долларды құрады. Дереккөздерге сенсек, Қазақстан Қытайға 11 миллиард доллар қарыз деген мәліметті оңай табуға болады.

Енді Қытайдың өркениет көшінде алдыңғы орынға шығуының сырына тоқталсақ: саяси жүйенің тұрақтылығы; арзан жұмыс күші; оңтайлы валюталық саясаты; әлемдік технологиялық брендтерді көшірудің тиімді әдісін табуы; экспортқа бағытталған өнеркәсіп саясаты; салықтық жүйеде қатаң талаптар қойып, көлеңкелі экономиканы құрықтауға күш салуы; жемқорлыққа қарсы оңтайлы жұмыстарды жүргізуі шешуші рөл атқарғанын ұғамыз. Осы 7 пункт бойынша біздің елде қандай жұмыс жүргізіліп жатыр, өздеріңіз бағамдап көріңіз.

### ЫҚПАЛДЫ ДЕРЖАВАҒА АЙНАЛА МА?

Қытайдың негізгі мұраты белгілі. Ол – әлемдегі ең ықпалды державалы елге айналу. Агрессиясын ашық білдіре қоймаса да, көршілес елдерге, әсіресе, Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне ара-тұра экономикалық қысым көрсетіп қояды.

АҚШ өкілдер палатасының спикері Нэнси Пелосидің Тайваньға ресми сапарынан кейін Америка мен Қытай арасындағы саяси шиеленіс өрши түсті.

Ресми Бейжің Вашингтонның саяси ұстанымын айыптап, Фуцзянь провинциясына зымырандарын жеткізіп, әскери жаттығуларды үдетті. Тіпті «Теңіз, әуе және құрлық әскері тартылды. Біз дәлдігі жоғары қарудан оқ атып, әскердің кез келген штаттан тыс жағдайға дайындығын тексереміз» деп мәлімдеді Қытай халықтық-азат етуші әскері шығыс қолбасшылығы штабы басшысының орынбасары Гу Чжун.

Тарихтан Тайвань аралы Қытай, Жапония, Голландия және Испанияның иелігінде болғанын жақсы білеміз.

XX ғасырдың 40-жылдарының аяғында Қытай экономиканы жаңғырту кезеңінде АҚШ-тан инвестиция тартып, нәтижесінде Вашингтонның талап етуімен Тайваньдағы ықпалынан айырылды. Осылайша Қытайды өркендеудің өрісіне түсірген Дэн Сяопин «Тайвань проблемасын» болашақтағы ұрпағына аманаттап кеткен-ді.

Бүгінде Қытай төрағасы Си Цзиньпин Тайваньның саяси-экономикалық мән-маңызы жоғары болғандықтан, Тынық мұхитындағы 36178 шаршы шақырымды құрайтын аралды өз иелігі санайды.

Расында, Қытай Тайвань аралын маңызды аспект санайды. Бұл арал Солтүстік пен Оңтүстік Азияны жалғайтын су жолының ең маңызды бақылау пункті ретінде бағалы. Яғни Оңтүстік Корея мен Жапонияның Оңтүстік-Азия елдеріне, тіпті Африкаға баратын кеме жолдарын бақылауда осы арал маңызды рөл атқарады. Сондықтан Қытай Тайвань үшін қолына қару алып, соғысудан тайынбайтынын көрсетіп бағуда.

Егер Қытай мен АҚШ арасындағы сауда-саттық соғысы орын алса, әлемдік импорт-экспорт балансы бұзылып, экономикалық дағдарыс орын алатыны белгілі. Мұның зардабы мен залалы соғыстан да ауыр болады.

ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

## РЕСЕЙ МҰНАЙЫНАН БАС ТАРТА МА?



***АҚШ-тың Луизиана штатынан бір айдың ішінде екінші американдық мұнай танкері Германияның Росток портына мұнай жеткізді. Бұл туралы Reuters ақпарат агенттігі хабарлады.***

Ise Princess танкерінің бортында 570 мың баррель мұнай болды. Норвегиядан, Таяу Шығыстан және Батыс Африкадан экспортталатын мұнаймен бірге американдық мұнай «Дружба» мұнай құбыры арқылы келетін ресейлік мұнайды алмастырып, Еуропаны қара алтынмен қамтамасыз етуі тиіс. Осылайша Еуроодақ жыл соңына дейін Ресейден мұнай импортын 90 пайызға қысқартуға ниетті.

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ НАШАРЛАДЫ



***Ирактың оңтүстігіндегі Тигр мен Евфрат өзендері арасындағы бірегей аймақ – Месопотамия батпағы қуаңшылықтың салдарынан жойылып барады.***

Кейінгі жылдары жауын-шашын сиреп, үлкен өзендер мен олардың салаларында су азайып, айдын көлдер кебірсіген батпақтың ортасындағы көлшіктерге айналды. Осының салдарынан аймақтағы жергілікті тұрғындар басқа жақтарға қоныс аударуға мәжбүр болуда. Әрі Ирактың ресми билігі мұны экологиялық проблема ретінде атауда.

## ТЕМІРЖОЛ САЛУДЫ ТАЛҚЫЛАЙДЫ



***Қырғызстан Самарқандта өтетін Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммитін асыға күтуде.***

Өзбекстан Сыртқы істер министрі міндетін атқарушы Владимир Норовтың мәлімдеуінше, осы басқосуда қатысушылар Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан бағытында теміржол салу бойынша құжат қабылдауға ниетті. Қытайдан Орталық Азияға теміржол салу осыдан 25 жыл бұрын ұсынылған болатын.

# ОСМАН БИЛЕУШІСІ ҚАЗАҚҚА АРА ТҮСТІ МЕ?

## немесе Шәймерден Қосшығұлдың Ыстанбұл сапарының сыры



Жуырда біздің институтымыздың жас ғалымы, Еуразия ұлттық университетінің ізденуші-докторанты Самат Жұматайұлы Түркия Республикасынан ғылыми-тәжірибелік іс-сапардан келді. Институт тапсырмасы бойынша «Шәймерден Қосшығұл: өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі» атты тақырыбы бойынша Түркияның Ыстанбұл қаласына ғылыми-тәжірибелік сапарға барып келді. Аталған тарихи тұлғаның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі мәселесін зерттеу еліміз тәуелсіздік алған жылдардан кейін ғана басталды. Бүгінгі күнге дейін бұл тұлға жайында толыққанды ғылыми еңбектер жоқтың қасы...

### АЛАШ АРДАҚТЫСЫ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Көрнекті Алаш қайраткері, діндар Шаймерден Қосшығұлұлы 1874 жылы Ақмола облысы Көкшетау уезі Қотыркөл болысында дүниеге келген. Ол ауыл молдасынан діни сауатын ашып, Дума мүшелерінің тізімінде ауқатты, бай адам деп көрсетілген. Халық арасында үлкен беделге ие болған. 1906-1907 жылдары Ресей Мемлекеттік Думасына қатарынан екі рет депутат болған тұлға. ХХ ғасыр басында тарихи Мұсылман діні (мұнда тек дін мәселесі емес, ұлт және тіл, білім мәселесі қарастырылған) съездері мен конференцияларына делегат ретінде қатысқан. Көкшетаудағы атақты Науан Хазіретпен бірге мешіт-медресе ашып, Ресейдің жергілікті халыққа көрсеткен қыспағына қарсы шыққан. Ақын Абай Құнанбайұлына арнайы хат жазып, өзекті мәселені бірлесе талқылауды ұсынған. Осы іс-әрекеті үшін түрмеге жабылып, итжеккенге, Сібірге, Саха еліне жер аударады. Науан Хазірет екеуінің жазықсыз қудалануын Әлихан Бөкейхан бастаған қайраткерлер Петерборда көтеріп, көп кешікпей жаза өзгертіледі.

1907 жылы Шәймерден Қосшығұл Алаш көсемі Ә. Бөкейханның тікелей тапсырмасымен Түркияға арнайы барып, үкімет, парламент басшыларымен кездеседі, баспасөз беттерінде қаймана халқының мұң-мұқтажын айтып, ойын ашық түрде жеткізеді. Міне, осы тұста ол Ыстанбұлдың беделді газеттерінің бірінде қазақ елінің ауыр жағдайы туралы мақала жариялаған. Мақсат – қазақ халқының қарапайым құқының тапталғанына, Ресей патшасының шоқындыру және қоныстандыру саясатының асқынғанына қарсы әлем назарын аудару болатын.

Біздің ойымызша, осы тарих «ақтаңдақтарын» Түркиядағы ынталы ғалымдар бірлесе зерттеуі қажет болған. Осы ақтаңдақты зерттеуші жас ғалым Самат Жұматайұлына қол ұшын беріп, қолдау танытқан Түркиядағы Едитепе университетінің профессоры, белгілі ғалым, профессор Ахмет Ташағыл, Халықаралық IRCICA – Ислам тарихы, өнер және мәдениетті зерттеу орталығының бөлім басшысы т.ғ.д., профессор Әшірбек Муминов, Түркия Республикасының Осман архивінің әкімшілігіне алғысымыз шексіз.

### ДУМА ДЕПУТАТЫ ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНДА...

Ағартушы-ұстаз Шәймерден Қосшығұлұлы I және II Мемлекеттік Думаға екі рет сайланды. 1907 жылдың ақпанынан өз жұмысын бастаған II Думаға Ақмола облысынан Ш. Қосшығұл сайланды.

ХХ ғасырдың басында Ресей империясы қазақтарды, Орта Азиядағы бүкіл халықты шоқындыру саясатын жүргізді. Сол саясатты жүргізу барысында көп қиыншылықтардың туындауы себебін Әлихан Бөкейхан бастаған ұлттың алдында жүрген тұлғалар ақылдаса келе, Осман империясына хат жазуды ұйғарады, оны жеткізу Шәймерден Қосшығұлға тапсырылды.

1907 жылы Қырым, Мәрмар теңізі арқылы Шәймерден Қосшығұл империядан шыға алмайтын болған екен, себебі Мемлекеттік думаның депутаты болған соң, 1902 жылы сотталған себебімен шекарадан шығуына тыйым салынған, ол Тілеулес Шабанбайұлы атты есіммен келіп, ал өзінің төлқұжатын табанының астына тығып, Ыстанбұлдағы «Қырым өнеге» қонақ үйіне тоқтаған екен.

Сол заманда Осман империясының сұлтаны, соңғы билеушісі және 99-шы Халифа 1876-1909 жылдары билік еткен Сұлтан Абд ал-Хамид еді. Ол қазіргі, Ыстанбұл қаласындағы Минар Синан университетінің ректораты орналасқан ғимаратта отырған болатын. Ол – жеке дара билік орнатып және империяның аумақтық тұтастығын сақтауға тырысқан адам. Оның мақсаты – ислам әлемі халифатының беделін сақтау болды. Шәймерденнің сол халифпен кездесуге жолы болмай, бірақ уәзірлерге шығып, ешбір әрекет болмайды. Мәжіліс басшысы Ахмет Риза, Жөн түркілер басшысы Доктор Назарбай, Садр-и-азам Камал Шамун Ислам кездесті. Ең соңында бұл көтерілген мәселе «Икдам» және «Сербасти» газетінің беттерінде жарияланып, өзекті мәселелердің біріне айналды. Мақала «Ахвал-и-Казакистан мамлакат-и-Русия» («Қазақ бауырларымызға Ресей мемлекетінің қысым көрсеткені туралы хабарын жеткізіп келген сенімді өкілі») деп аталады, есімі «Қазақ» деп жазылған.

Қазақ зиялылары Шәймерден Қосшығұл арқылы жіберуге табысталған сұлтанмен кездесу 1909 жылы ұйымдастырылды. Бұл кездесуде маңызды екі мәселе көтерілді. Біріншісі, жер мәселесі – құнарлы жерлерді тартып алып, су жоқ, ағаш жоқ, шөлді далаға қоныстандыру болса, екіншісі, дін мәселесі – мешіт-медреселерді жауып, құрандарды жыртып, жаппай шоқындыру саясатын жүргізіп, шіркеулер ашылып, қырық мыңға жуық қазақ балаларын шоқындырып жіберген еді. Сол мәселеге байланысты әлем назарын қазақ жеріне аудару болды.




**1907 ЖЫЛЫ ШӘЙМЕРДЕН ҚОСШЫҒҰЛ АЛАШ КӨСЕМІ Ә. БӨКЕЙХАННЫҢ ТІКЕЛЕЙ ТАПСЫРМАСЫМЕН ТҮРКИЯҒА АРНАЙЫ БАРЫП, ҮКІМЕТ, ПАРЛАМЕНТ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСЕДІ, БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕ ҚАЙМАНА ХАЛҚЫНЫҢ МҰҢ-МҰҚТАЖЫН АЙТЫП, ОЙЫН АШЫҚ ТҮРДЕ ЖЕТКІЗЕДІ. МІНЕ, ОСЫ ТҰСТА ОЛ ЫСТАНБҰЛДЫҢ БЕДЕЛДІ ГАЗЕТТЕРІНІҢ БІРІНДЕ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ АУЫР ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ МАҚАЛА ЖАРИЯЛАҒАН. МАҚСАТ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАРАПАЙЫМ ҚҰҚЫНЫҢ ТАПТАЛҒАНЫНА, РЕСЕЙ ПАТШАСЫНЫҢ ШОҚЫНДЫРУ ЖӘНЕ ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫНЫҢ АСҚЫНҒАНЫНА ҚАРСЫ ӘЛЕМ НАЗАРЫН АУДАРУ БОЛАТЫН.**

Қазақ халқының көрнекті тұлғасының Түркия еліне барып, отаршыл Ресейдің шоқындыру саясатына қарсы тұрып, халқының қайғысын жеткізуін аса мақтанышпен айта аламыз. Кейбір деректер бойынша Осман елінің патшасы Ресей империясының патшасы II Николайға ашық наразылық білдіріп, хат жолдаған: «егер менің қазақ бауырларыма шоқындыру саясатын жүргізе берсеңіз, мен сіздің бұл жақтағы христиан бауырларыңызды мұсылмандыққа көшіремін...»

Бұл бағытта ғалым Самат Жұматайұлы бауырымыз өзінің зерттеулерін жалғастырады деп ойлаймыз...

### ҚЫЗЫЛ ИМПЕРИЯ ҚҰРБАНЫ

1931 жылы сотталып, 1932 жылы балалары абақтыға барып, жатқан мәйіттердің арасынан алып шығып, Омбы жақтағы ағайын-туыстарының қолында қайтыс болған. Халқының адал перзенті болған Шәймерден Қосшығұлы қуғын-сүргінге ұшырап, айдауда жүріп, аштықта қасіретті күндерді бастан өткеріп, елім деп еңіреп өмірден өтті.

Алашшыл азамат 1932 жылы Омбы облысы Есілкөл ауданындағы Ақсары аулының зиратында жерленген. Біз Омбы мемлекеттік университетінде оқып жүргенде осы ауданға талай барып жүрдік. Сонда жергілікті ақсақалдар бізге: «Ақсары аулының зиратында есімі бүкіл әлемге белгілі Шәймерден аталарың жатыр» деуші еді...

2011 жылдың 22-қазанында ұрпақтары және зерттеуші ғалымдар ердің басына құлпытас қойып, ерен тұлғаның рухына арналған аста алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай, ақын Дәулеткерей Кәпұлы және басқа да ел азаматтары қатысқан еді...

Шүкір, соңғы жылдары Түркия елінің көрікті орындарында қазақтың көрнекті тұлғалары Абай, Жамбыл сынды заңғар тұлғаларға біршама ескерткіштер орнатылды. Ендігі кезек Түркия мен Қазақстан арасындағы тарихи сабақтастықтың бірден бір көрінісі болып табылатын нар тұлға Шәймерден Қосшығұлына келіп отыр деп ойлаймыз. Бұған тарихи дәлелдер мен дәйектер жеткілікті. Ең үлкен дерек – дін қайраткері, ақын Сәдуақас Ғылманидың еңбегі. Бір қуанышты жағдай, осы тұлғаның мұрасын Ыстанбұлдағы Халықаралық «IRCICA» мекемесі түрік, ағылшын тілдерінде кітап етіп жариялады.

2022 жылы Қазақстан мен Түркия арасындағы жаңа сападағы дипломатиялық ынтымақтастыққа 30 жыл толды. Осыған байланысты, Ыстанбұл қаласында Шәймерден Қосшығұлдың сапарын дәлелдейтін, екі елдің ынтымақтастығын айшықтайтын көше атаулары, ескерткіштер бой көтеріп жатса, бұл қадамдар мерейтой жылында жүзеге асырылған игі істер деп білеміз.

Шәймерден Қосшығұл атамыздың Омбы облысында жатқан орны қазақ қастерлейтін қасиетті жер болып табылатын күн де алыс емес шығар...

Қазақ мемлекетінің талай қалаларында марқұмның атымен көшелер де аталар деген сенімдеміз.

Алдағы уақытта да жыл сайын озат жас ғылыми кадрларға Шәймерден Қосшығұлұлы атындағы стипендия тағайындау, шәймердентану саласын қалыптастырып, дамыту, көрнекті тұлғаның өмір тарихы мен ғылыми мұрасы аясында магистрлер мен докоранттарға зерттеу тақырыптарын бекіту мәселелері басты назарға алынып жатса, онда аталмыш қайраткердің рухының шаттанғаны, Қазақ тарихы ғылымының асқақтағаны деп түсінер едік.

**Зиябек ҚАБЫЛДИНОВ,**
**Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры**

---

Үй терезесінен көз тастап едім, аулада құмсалғышта ойнап жүрген балаларды көрдім. Әкесі бар балалар мен әкесі жоқтар арасындағы айырмашылық ойын барысында бірден көзге түседі.

# ЖЕТІМІН ЖЫЛАТПАҒАН ЕЛ ЕДІК...

Ойға келген алғашқы сұрақ, неге бұлай болады? Бұрын қазақта жетімдер жоқ еді ғой. Егер ер адам қайтыс болса, онда оның отбасы мен балаларына қамқорлық туыстар мен достардың жауапкершілігінде болып, тіпті ағасына үйлендіруге дейін рұқсат берілді. Егер інісі жеңгесінен әлдеқайда жас болса да, бұл олардың үйленуіне кедергі келтірмеді. Бұл жерде ең бастысы ағасының ошағын сақтап, балаларды жетімдіктен қорғау болды. Жесір әйел де шешім қабылдауға қатысып, неке әрқашан дерлік оның еркіне сай болды. Әрине, иландыру, мәжбүрлеу жағдайы болған шығар, бірақ негізінен бәрі келісім бойынша жасалды. Шамасы, балалардың тағдыры үшін жауапкершілік әйелдер арасында басым болды. Айта кету керек, иландыру мен мәжбүрлеу тек әйелге ғана емес, жасы кіші болашақ күйеуіне де қатысты еді.

Бұл дала демократиясы мен гуманизмінің (әмеңгерлік) бір түрі болған сияқты. Сондықтан далада жетімдер үйі болған жоқ, қазір елімізде олардың саны аз емес, ондағылардың көпшілігі – өзіміздің қаракөздер.

Әмеңгерлік біздің уақытта жоғалып кетті ме? Жоқ. Бұл әлдеқайда аз, бірақ факті бар. Бір қызығы, бұл әдет-ғұрып тек қазақтар арасында ғана орын алған жоқ. Мысалы, еврейлерде бұл дәстүр левират деп аталады. Шамасы, елдер мен халықтардың өзін-өзі сақтауға ұмтылған табиғи сезімі адамдарда генетикалық деңгейде қалыптасқанға ұқсайды. Табиғат заңдылығына қарсы тұрудың еш мәні жоқ.

Қазір елде жалғызбасты аналар көп, олар өзі үшін бала туды. Оларды түсінуге болады. Мұның көптеген себебі бар және олар әртүрлі. Бір жағдайды атап өткім келеді – біздің көптеген жігіттерде ерге тән мінездің болмауы артып келеді. Кім кінәлі? Жалғызбасты ана ма? Әлде тәрбиешілердің басым көпшілігі әйелдер қауымынан құралған балабақша мен мектеп пе?

Қасиетті діни кітаптарда әйелдерімен қарым-қатынас орната алмайтын адамдарға елді басқаруды тапсыруға болмайды деп жазылған. Қазіргі тілде бұл менеджмент деп аталады. Мүмкін, алдымен өз отбасыңызда менеджментті қамтамасыз етуді үйреніңіз, содан кейін ғана үлкен саясатқа барыңыз дегені шығар.

Мысалы, Жапонияда мемлекеттік қызметші үшін мансап сатысына жол әйелінен ажырасқан жағдайда жабылады, өйткені ол өзін отбасында менеджер ретінде көрсете алмады. Ал қазір бізде үш отаудың бірі ажырасатын деңгейге жеттік. Балалар тірі жетім сияқты.

Енді, мүмкін, үйдегі және отбасындағы ер адамның рөлін, сондай-ақ ерлер тәрбиесінің маңызын түсіндіру қоғамда ЛГБТ идеологиясының таралуы аясында бұрынғыдан да өзекті болып отырған шығар.

Гуманизм және дала демократиясы тақырыбына қайта орала отырып, оларды, дала табиғатында гигиена талаптарын сақтау ерекшелігімен толықтырғым келеді.

Қазақ әйелдері баланы емізер алдында үнемі дәрет алып жүретін. Бұл туралы әйгілі «Абай жолы» кітабында жақсы жазылған. Бұл бүкіл қазақ халқына тән рәсім болды.

Полигамия институты гуманизм мен жеке гигиена қағидатына негізделгені күмән туғызбайды. Мысалы, әйелдің жүктілігі және баланы емізу кезеңі орта есеппен үш жылға созылады. Ер адам құрсағында баласы бар әйелден жыныстық қатынасқа түсуді, содан кейін баласын емізуді талап етуі қаншалықты адамгершілік жағынан орынды?

Мен феминистердің қарсылығына тап болатынымды білемін. Иә, уәж бен қарсы пікір баршылық, бірақ мәселе орын алып отырғанын ашық айту керек.

Осы мәселеге байланысты мынадай проблемалар да бар: ерлі-зайыптылар бір-бірін жақсы көреді, бірақ балалы болу мүмкіндігі жоқ. Ажырасу керек пе? Немесе отбасында тек қыздар бар, ал күйеуі ұлды болуды армандайды. Енді не істеу керек? Соған бола ажыраса ма? Иә, баланы (ұлды) асырап алуға, суррогат ана институтын қолдануға немесе осы мәселелерді шешудің басқа тәсілін қолдануға болады.

Басқа тәсілдердің ішінде біздің ата-бабаларымыз екінші әйел немесе үшінші әйел ретінде басқа әйелді алуға мүмкіндік берді. Бұл жерде де шешуші мәні бар жайт: мәселені орынды шешетін – ерлі-зайыптылардың өзі. Ежелгі уақытта мұндай бастама бәйбішеден шыққан және ол күйеуіне екінші, үшінші әйел алуды өз қолына алып, таңдаған.

Бұл мәселенің кез келген басқа істегі сияқты орынды және қолайсыз жағы бар, бірақ менің ойымша, мұндағы қайшылықтың бәрі тіркелген некеде тұрған ер адамға үйленуге заңнамалық тұрғыда тыйым салуға негізделген. Осы құйтырқы жағдайдан шығу үшін құқықтық норманы (НОТК-тың 11-бабының 2) тармақшасы) адамдардың жекелеген санаттары үшін (жетімдерге қамқорлық жасайтын, ұл бала алғысы келетін, баласыз адамдар) алып тастауды көздеген жөн.

Қазір «тұрмысқа шыққан әйел» мәртебесіне ие болғысы келетін және өз баласының заңды әкесі болуын ниет еткен әйелдер көп. Олар – материалдық тұрғыдан жан-жақты қамтамасыз етілген, ешкімге тәуелді болмай өмір сүре алатын, бірақ басқа отбасыға кедергі жасағысы келмейтін саналы әйелдер. Олар осы нормаға осындай ерекшеліктерді енгізуді қолдайтыны анық. Осы норма енгізілсе, нәтижесінде мемлекет те, жеке адамдар да бұдан ұтатынына сенімдімін.

**Нұрғали МАМЫТОВ,**
**PhD докторы, заңгер**

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@УТINA» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12:00 «МАГОМАЕВ»
13:05 «ЖЕНСКАЯ ВЕРСИЯ. ЧИСТИЛЬЩИК»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE»
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ВСПЫШКА»
1:10 «ЗОЛОТАЯ ОРДА»
2:40 «ФУРЦЕВА. ЛЕГЕНДА О ЕКАТЕРИНЕ».
4:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.35 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ»
08.20 «AQ MAMA», реалити-шоу
09.25 «В ПЛЕНУ У ПРОШЛОГО»
11.15 «ЗУЛЕЙХА ОТКРЫВАЕТ ГЛАЗА»
13.00 «Я ЖИВ!»
15.00 «КӨРІПКЕЛ»
16.00 «ӨКІНІШ», өзбек телехикаясы.
17.30 «ҚАРА ГҮЛДЕР»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30 «ЗУЛЕЙХА ОТКРЫВАЕТ ГЛАЗА»
23.50 «Я ЖИВ!»
01.30 «ЧУМА», криминальная драма
02.15 «ӨКІНІШ», өзбек телехикаясы
03.15 «КӨРІПКЕЛ» (қайталау)
04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

**31**

06:00 Әзіл студио
06:30 «Ұмытылмас тұлғалар»
07:00 Ризамын
07:30 Информбюро (повтор)
08:30 Индийский сериал «Ханшайым»
09:30 «Зейнеп» түрік телехикаясы (повтор)
10:30 Тұсаукесер! «Қайсар» телехикаясы
12:00 Т/сериал «Отель Элеон» (повтор)
12:30 Т/сериал «Отель Элеон»
13:00 «Знакомство с Факерами» (повтор)
15:15 «Знакомство с Факерами 2»
17:20 «На крючке» (повтор)
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21:55 «Супер 8»
00:40 Индийский сериал «Ханшайым»
01:30 «31 әзіл»
02:20 Сериал «Базарбаевтар»
03:00 Әзіл студио
03:40 1001 Әзіл
04:00 BALA BATLLE
04:30 What's up?
05:00 Ризамын

**7**

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08:00 Т/х «Жаңа қоныс»
09:00 Х/с «Женский доктор»
11:10 Х/с «Балабол»
13:20 Т/х «Жаңа қоныс»
14:40 Т/х «Жараланған жүректер»
15:40 Т/с «Гадалка»
16:10 Х/с «Полицейский с Рублевки»
17:20 Х/с «Женский доктор»
19:30 Х/с «Балабол»
22:00 Т/х «Жараланған жүректер»
23:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
00:00 Х/с «Полицейский с Рублевки»
01:10 Т/с «Гадалка»
01:45 Т/х «Тек қана қыздар»
02:40 ОЯН, QAZAQSTAN Music
03:00 Т/п «Тамаша»
04:00 Т/х «Япырай»
05:00 Т/п «Қуырдақ»

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 «ЕҢ КҮЛКІЛІ ӘРТІСТЕР» (каз.)
08.45 «Күлкі базар» (каз.)
09.05 «Екі езу» (каз.)
09.40 «ДРАКОНЫ: ГОНКИ ПО КРАЮ»
10.00 «БОСС-МОЛОКОСОС: СНОВА В ДЕЛЕ»
10.25 «МИР НАИЗНАНКУ» (Китай)
12.00 «ВНЕ ПОЛЯ ЗРЕНИЯ»
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
19.30 Телехикая «Көзайым» (каз.)
20.30 «ГОРДОСТЬ И ПРЕДУБЕЖДЕНИЕ И ЗОМБИ»
22.40 «INSTA LIKE» (каз.)
23.10 «ОСТРОВ ФАНТАЗИЙ» (фантастический триллер, Мэгги Кью, Майкл Пенья)
01.10 Телехикая «Көзайым» (каз.)
01.50 «Опмай,Опмай» (каз.)
02.30 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
04.00 – 05.00 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

## ЖҰМА
## 26 ТАМЫЗ

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 AQPARAT
10:10 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
12:00 «Күйеу бала». Телехикая.
13:00 AQPARAT
13:10 «Күйеу бала». Телехикая
14:10 «Қызық екен...»
15:00 «Шаңырақ». Деректі фильм
15:30 «Ауылдастар»
16:00 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая.
17:15 «САҚШЫ АРЫСТАН». Мультхикая.
18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:30 «Күйеу бала». Телехикая.
22:30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая.
23:30 «Жоғалған қыз». Телехикая.
1:30 «Теледәрігер»
2:15 «Көңіл толқыны»
2:55 «Шаңырақ». Деректі фильм

5:00 «Кел, шырқайық»
7:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Оян!»
10:00 Телесериал. «Бархатный сезон»
12:00 Жаңалықтар
12:10 Телехикая. «Пәленшеевтер 3»
13:00 Новости
13:10 Телехикая. «Көзімді жұмсам да...»
15:00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
16:00 Телесериал. «Бархатный сезон»
18:00 Мегахит. «Экстрасенсы»
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 «Өмір жолы»
21:00 Итоги дня
21:30 Телехикая. «Көзімді жұмсам да...»
23:30 Мегахит. «Бешеные»

**ASTANA TV**

06:00 «Үздік әзілдер»
06:10 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:10 «Маша и медведь» М/ф
09:15 «Кеш келген махаббат» телехикая
11:20 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
12:20 «Іңкәр сезім» корей телехикаясы
13:50 «Жас қырандар» Х/ф
15:00 «Место встречи изменить нельзя»
17:00 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы
17:40 «Кішкентай келін» телехикая
19:25 «Құрақ» телехикаясы
20:00 «Astana times»
21:00 «Жылама, ана» телехикая
21:55 «Кеш келген махаббат» телехикая
23:50 «Іңкәр сезім» телехикая
01:35«Место встречи изменить нельзя»

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@УТINA» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12:00 «МАГОМАЕВ»
13:05 «ЖЕНСКАЯ ВЕРСИЯ. ЧИСТИЛЬЩИК»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы.
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы.
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
21:55 «ВСПЫШКА». Заключительные серии
3:05 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:15 «KÖREMIZ» бағдарламасы
4:05 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:30 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
5:15 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.35 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ»
08.20 «AQ MAMA», реалити-шоу
09.30 «ИСПЫТАНИЕ-2», мелодрама
11.15 «ЗУЛЕЙХА ОТКРЫВАЕТ ГЛАЗА»
13.00 «Я ЖИВ!»
15.00 «КӨРІПКЕЛ»
16.00 «ӨКІНІШ», өзбек телехикаясы.
17.30 «ҚАРА ГҮЛДЕР», өзбек телехикаясы.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «КТКweb»
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30 «ВТОРАЯ ПЕРВАЯ ЛЮБОВЬ»
01.20 «ЧУМА»
02.10 «ӨКІНІШ»
03.15 «КӨРІПКЕЛ» (қайталау)
04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

**31**

06:00 Әзіл студио
06:30 «Ұмытылмас тұлғалар» деректі фильм
07:00 Ризамын
07:30 Информбюро (повтор)
08:30 Индийский сериал «Ханшайым»
09:30 «Зейнеп» түрік телехикаясы (повтор)
10:30 Тұсаукесер! «Қайсар» телехикаясы
12:00 Мультсериал «Маша и медведь»
12:20 Т/сериал «Отель Элеон» (повтор)
13:00 Т/сериал «Отель Элеон»
13:30 «Знакомство с Факерами 2» (повтор)
15:30 «Евротур»
17:30 «Супер 8» (повтор)
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21:55 «Особое мнение»
01:20 «Ханшайым» (повтор)
02:00 Сериал «Базарбаевтар»
02:40 1001 Әзіл
03:00 Әзіл студио
04:30 What's up?
05:00 Ризамын

**7**

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08:00 Т/х «Жаңа қоныс»
09:00 Х/с «Женский доктор»
11:10 Х/с «Балабол»
13:20 Т/х «Жаңа қоныс»
14:40 Т/х «Жараланған жүректер»
15:40 Т/с «Гадалка»
16:10 Х/с «Полицейский с Рублевки»
17:20 Х/с «Женский доктор»
19:30 Х/с «Балабол»
22:00 Т/х «Жараланған жүректер»
23:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
00:00 Х/с «Полицейский с Рублевки»
01:10 Т/с «Гадалка»
01:45 Т/х «Тек қана қыздар»
02:40 ОЯН, QAZAQSTAN Music
03:00 Т/п «Тамаша»
04:00 Т/х «Япырай»
05:00 Т/п «Қуырдақ»

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 «ЕҢ КҮЛКІЛІ ӘРТІСТЕР» (каз.)
08.45 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Күлкі базар» (каз.)
09.05 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
09.40 «ДРАКОНЫ: ГОНКИ ПО КРАЮ» (мультсериал)
10.25 «МИР НАИЗНАНКУ» (Китай)
12.00 «ГОРДОСТЬ И ПРЕДУБЕЖДЕНИЕ И ЗОМБИ» (фантастическая зомби-комедия, Лили Джеймс, Сэм Райли)
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
19.30 Телехикая «Көзайым»
20.30 «ТРАНСФОРМЕРЫ: МЕСТЬ ПАДШИХ»
23.20 «INSTA LIKE» (каз.)
23.50 «ЖИВОЕ» (фантастический триллер, Райан Ренольдс, Джейк Джилленхолл)
01.30 Телехикая «Көзайым»
02.20 «Опмай,Опмай» (каз.)
03.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
04.00-05.00 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

## СЕНБІ
## 27 ТАМЫЗ

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Теледәрігер»
7:15 AQPARAT
7:45 «Зиннар»
8:30 «Көңіл толқыны»
9:20 «Әйел әлемі»
9:55 «ЫРЫСТЫҢ ҚАЗЫҒЫ»
10:00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
12:00 «Әзіл әлемі»
14:00 «МузАРТ» ансамблінің 20 жылдық концерті
16:30 ТҰСАУКЕСЕР! Дисней ұсынады: «101 АЛА КҮШІК 2». Мультфильм
17:30 «ҚҰРДЫМ». Арнайы жоба
18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
20:00 «Лашықтан шыққан миллионер».
22:05 «Көңіл толқыны»
22:30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая.
23:30 «Жаужүрек мың бала».
1:45 «Теледәрігер»

5:00 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ»
7:00 ТЕЛЕХИКАЯ МАРАФОНЫ. «БАЛТАКӨЛДЕ БАҚЫТЫМ»
9:00 ТАРИХ. ТАҒДЫР. ТҰЛҒА
10:00 «ӘН ӘЛЕМІ»
11:00 КИНО. «МЕНІҢ КҮНӘЛІ ПЕРІШТЕМ»
12:45 «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР 3»
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «СЕЗОН ДОЖДЕЙ»
18:00 МЕГАХИТ. «БЕШЕНЫЕ»
20:00 «AITYSTAR»
22:00 КОНЦЕРТ. «АЛАШҰЛЫ»
0:00 «КӨЗІМДІ ЖҰМСАМ ДА...»

**ASTANA TV**

06:00 «Үздік әзілдер»
06:10 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:10 «Маша и медведь» М/ф
09:15 «Кеш келген махаббат» телехикая
11:20 «Құрақ» телехикаясы
14:30 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы
15:40 «My love is Aisulu» Х/ф
17:40 «Шаншар»
20:00 «SarapTimes»
21:00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы
21:55 «Кеш келген махаббат»
00:10 «Tik-Tok хаус» телехикаясы
02:00 «Үздік әзілдер»

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:50 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
8:15 «П@УТINA» бағдарламасы
9:25 Любовь Толкалина Александр Саюталин в фильме «МЕДВЕЖЬЯ ШКУРА»
12:00 Премьера. Антон Батырев, Александра Ребенок в многосерийном фильме «ШВАБРА»
16:30 «БЕСТІҢ ШАЙЫ» бағдарламасының тұсаукесері. Тікелей эфир
18:30 «АЙНА» бағдарламасы.Тікелей эфир
19:30 Антон Хабаров, Карина Андоленко, Александр Бухаров в многосерийном фильме «ОТЧИМ»
0:10 Ночной кинотеатр. «КАПИТАН ГОЛЛИВУД»
3:00 Премьера. «ПОЕХАЛИ!»
3:45 «П@УТINA» бағдарламасы
4:30 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
5:15 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы

**КТК**

07.05 «ҮЛКЕН ҮЙ», отандық телехикая
07.40 «БІЗДІҢ КОНЦЕРТ»
08.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ»
09.20 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.00 «ВТОРАЯ ПЕРВАЯ ЛЮБОВЬ», детективная мелодрама (повтор)
15.00 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы.
18.00 «OZAT ОТБАСЫ», ток-шоу
19.00 «ӘН МЕ ӘНШІ», ән-шашу
21.00 «УТРАЧЕННЫЕ ВОСПОМИНАНИЯ»
01.00 «ЧУМА»
02.10 «АТАЛАР СӨЗІ»
03.45-04.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ» (қайталау)

**31**

06:00 Әзіл студио
07.00 Тәтті шоу
08:00 «31 әзіл»
09:00 «Күліп ALL»
09:30 Готовим с Адель (повтор)
10:00 КИНО. Митхун Чакраборти в мелодраме «Любовь не сломить»
13:30 Анимационный фильм «Ранго»
16:00 КИНО. Нурлан Коянбаев в комедии «Бизнес по-казахски в Корее»
18:10 КИНО. Джейк Джилленхол в фэнтезийном боевике «Принц Персии: Пески времени»
20:40 КИНО. Роберт Дауни мл. в фантастическом боевике «Железный человек 2»
23:30 «Bizdin show» (повтор)
01:30 «31 әзіл»
02:00 What's up?
02:30 Тамаша live
03:30 Әзіл студио
04:00 1001 Әзіл
04:30 Ризамын
05:00 «31 әзіл»
05:30 What's up?

**7**

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Jaidarman
09:00 Т/п «Орёл и решка»
10:00 Х/с «Мама будет против»
14:45 Төреғали Төреәлінің «Айхай, 25» атты шығармашылық кеші
17:00 Т/х «Тақиясыз перiште»
18:20 Шоу «Удивительные люди»
21:00 Шоу «Маска. Новый Год»
03:00 Т/х «Тақиясыз перiште»
04:00 Т/х «Япырай»
04:40 Т/п «Тамаша»
05:30 Т/п «Қуырдақ»

**НТК**

07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.20 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
09.15 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу»
09.30 «ЛЮК-ПУТЕШЕСТВЕННИК ВО ВРЕМЕНИ» (анимационный сериал)
10.50 «ЗДРАВСТВУЙ, ПАПА, НОВЫЙ ГОД!» (семейная комедия, Марк Уолберг, Уилл Феррелл)
13.30 «ЭЛВИН И БУРУНДУКИ» (семейное фэнтэзи/анимация)
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
20.00 «ҚЫЗЫҚ LIVE» (каз.)
21.00 «ПАРК ЮРСКОГО ПЕРИОДА 3»
22.40 «СУДЬЯ ДРЕДД» (фантастический боевик, Крал Урбан, Рэйчел Вуд)
00.40 «ЗАКЛИНАНИЕ» (фильм ужасов, Омари Хардвик, Лоретта Дивайн)
02.10 «ТАВОО» (каз.)
03.30 «Опмай,Опмай» (каз.)
04.10-05.00 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

## ЖЕКСЕНБІ
## 28 ТАМЫЗ

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Дәуір даналары». Деректі фильм
7:10 «Жаужүрек мың бала».
9:30 «Құрдым». Арнайы жоба
10:00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
12:00 Дисней ұсынады: «101 ала күшік 2».
13:05 «Ән мен әнші»
15:35 «Лашықтан шыққан миллионер»
18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая
20:00 ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ. «ТІРШІЛІК».
20:35 «Достығымыз жарасқан». Концерт
22:30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая.
23:30 «Кек алушылар:шексіздік соғысы»
1:45 «Теледәрігер»
2:30 «Дәуір даналары». Деректі фильм
3:15 Деректі фильм. «Тіршілік»

5:00 «Кім мықты?»
7:00 Телехикая марафоны. «Балтакөлде бақытым»
9:00 Концерт. «Алашұлы»
11:00 Кино. «Менің күнәлі періштем»
12:45 «Пәленшеевтер 3»
16:00 Телесериал. «Сезон дождей»
18:00 Мегахит. «Слепой»
20:00 «Aitystar»
22:00 «Отдел журналистских расследований»
22:30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
23:30 «Көзімді жұмсам да...»

**ASTANA TV**

06:00 «Үздік әзілдер»
06:10 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:10 «Маша и медведь» М/ф
09:00 «Кеш келген махаббат»
11:20 «Отбасы» телехикаясы
14:00 «JUMBAQTIMES»
15:10 «Алдараспан»
19:00 «Tik-Tok хаус» телехикаясы
19:40 «Келинка Сабина» Х/ф
21:55 «Кеш келген махаббат»
00:10 «Келинка Сабина 2» Х/ф
02:50 «Үздік әзілдер»

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:50 «П@УТINA» бағдарламасы
8:50 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9:00 Наталия Вдовина, Александр Балуев в фильме «ЗАКАЗ»
11:15 «ҚАЙМАҚ» бағдарламасы
12:00 Премьера. Антон Батырев, Александра Ребенок в многосерийном фильме «ШВАБРА»
16:30 КОНЦЕРТ ЛЮБОВИ УСПЕНСКОЙ
18:55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!».
20:00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21:00 Антон Хабаров, Карина Андоленко, Александр Бухаров в многосерийном фильме «ОТЧИМ»
2:10 «ТРИ АККОРДА»
4:00 «П@УТINA» бағдарламасы
4:45 «ҚАЙМАҚ» бағдарламасы
5:15 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы

**КТК**

07.05 «ГҮЛ СЫЙЛАЙЫҚ АНАҒА»
08.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реалити-шоу
09.20 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.20 «УТРАЧЕННЫЕ ВОСПОМИНАНИЯ», мелодрама (повтор)
15.00 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы.
18.00 «OZAT ОТБАСЫ», ток-шоу
19.00 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ», ән-шашу
21.00 «ДОЛГАЯ ДОРОГА К СЧАСТЬЮ», мелодрама.
00.40 «ЧУМА», криминальная драма
02.10 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.45-04.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ»

**31**

06:00 Әзіл студио
07:00 Тамаша live
08:00 «31 әзіл»
08:30 «Күліп ALL» (повтор)
09:00 TeleBingo. Прямой эфир
09:25 Готовим с Адель
10:00 Мультсериал «Царевны»
10:30 Мультсериал «Маша и медведь»
11:00 Анимационный фильм «Ранго»
13:30 КИНО. Нурлан Коянбаев в комедии «Бизнес по-казахски в Корее»
15:40 КИНО. Джейк Джилленхол в фэнтезийном боевике «Принц Персии: Пески времени» (повтор)
18:20 КИНО. Роберт Дауни мл. в фантастическом боевике «Железный человек 2» (повтор)
21:10 КИНО. Марк Уолберг, Джейсон Стэйтем в боевике «Ограбление по-итальянски»
23:40 «Алдараспан»
01:20 What's up?
02:00 Тамаша live
03:00 Әзіл студио
03:30 What's up?
04:00 1001 Әзіл
04:30 Ризамын
05:00 «31 әзіл»
05:30 What's up?

**7**

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Salem Qazaqstan
09:00 Шоу «Удивительные люди»
11:10 Сағындырған әндер-ай
14:20 Шоу «Маска. Новый Год»
21:00 Х/с «Любовь без памяти»
01:20 Salem Qazaqstan
03.00 Т/х «Япырай»
03:40 Т/п «Тамаша»
04:30 Т/п «Қуырдақ»

**НТК**

07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.20 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
09.20 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Күлкі базар» (каз.)
09.30 «ИЗМЕНЧИВЫЕ БАСНИ: ЗЛАТОВЛАСКА» (анимационный фильм)
11.00 «КУНГ-ФУ ПАНДА» (анимационный фильм)
12.50 «ПАРК ЮРСКОГО ПЕРИОДА 3» (семейное фэнтэзи, Сэм Нил, Теа Леони)
15.00 «Джеки Чанның оқиғасы» (каз., мультхикая)
15.45 «INSTA LIKE» (каз.)
16.30 «ТАВОО» (каз.)
17.35 «Талантым тағдырым» (каз.фильм – концерт. )
19.00 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
20.00 «ҚЫЗЫҚ LIVE» (каз.)
21.00 «НОВЫЙ ЧЕЛОВЕК-ПАУК» (фантастический боевик, Эндрю Гарфилд, Эмма Стоун)
23.50 «КАНИКУЛЫ» (комедия, Крис Хемсворт, Лесли Манн)
01.20 «ТАВОО» (каз.)
02.20 «Опмай,Опмай» (каз.)
03.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
04.00-05.00 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

ШАҺАР ШЕЖІРЕСІ

# АУЛАЛАР: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН



Бұл сурет 1970 жылдардың басындағы Целиноград қаласы аулаларының бірінде түсірілген.

Топ қыздардың ортасында – мандолин ұстаған бала. Бұл өнерлі өрен болса керек. Айналасындағы достары оны ұйып тыңдай қалыпты. Бүлдіршін де ән айтуға икемделіп, музыкалық аспабын күйге келтіруде.

Бүгінде заман басқа. Тұрғын үйлердің аулаларында балалардың асыр салып ойнауына мол мүмкіндіктер бар. Қазір қала әкімдіктері аулаларды талапқа сай жарақтап, барлық жағдайды жасап беруде.







# ОЛИМПИАДАДАҒЫ ОЛЖАМЫЗ ҚАНДАЙ?

XXI ғасыр – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, жоғары технологияның заманы. Мұны жасайтындар кімдер? Білімді, білікті, белсенді жастар. Олар өздерін қалай, қайда көрсетеді? Әрине, білім деңгейін пәндік олимпиада мен ғылыми конкурстарда дәлелдейді.

**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

Әлем елдерінің білім саласын саралағанда бәсекенің осы түрлерін есепке алып, оқушылардың білім деңгейіне баға беріп жатады. Әсіресе, әлемде бәсі жоғары жеті пәндік олимпиада бар. Олар: математикадан – IMO, информатикадан – IOI, физикадан – IPhO, химиядан – IChO, биологиядан – IBO, географиядан – IGeO, лингвистикадан – IOL.

Халықаралық пәндік олимпиаданың осы түрлері бойынша әлем елдерінің білім жүйесін саралап, ғылым, инновация саласындағы жетістігін бағдарлауға болады. Соңғы 10 жылдың көрсеткішін талдайтын болсақ, Қытай білімпаздарының бағы үстем екеніне көз жеткізуге болады. Мәселен, 2012 жылдан бері Қытай құрама командасы математика пәнінен 6 рет, физика пәнінен 7 рет бас жүлдені иеленді.

Озық елдер ақыл-ой күшін дамыту арқылы биік жетістіктерге жетсе, пәндік олимпиадалар – дарындылардың білімін таразылап, тәжірибе жүзінде өзінің деңгейін көрсетін платформа. Интеллектік деңгейі жоғары адамдар көбіне өнертабыстарды ойлап тауып, өндіріске, қызмет көрсету саласына инновациялық жобаларды енгізіп жатады. Міне, дәл осындай ақыл-ой қызметі Қытайда қарқынды дамығанын көруге болады. Мәселен, 2015 жылдан бері Қытайда 1 миллионнан аса (2015 жылы – 1 010 557, 2016 жылы – 1 257 466, 2017 жылы – 1 306 077, 2018 жылы – 1 460 243, 2019 жылы – 1 328 067, 2020 жылы – 1 441 085) өнертабыс патенттеледі. Мұны терең зерттесек, зияткерлік сайыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің үлесі басым екенін аңғару қиын емес.

Жеке патент дегеніміз не, ол – тың идея, тартымды бизнес, инновациялық жоба. Оның артында шағын және орта бизнес, өнеркәсіп пен ауылшаруашылығы саласына жаңа инновациялық технологияның келуі тұрады. Мұның бәрі ел экономикасын еселеп өсіретін ресурс, адами капиталдың жемісі.

Енді әлемдегі ең беделді 7 олимпиаданың тарихы, қазақстандықтардың үлесі мен жетістігі, биылғы көрсеткіші туралы тоқталсақ.

## АҚЫЛ-ОЙДЫ ТӘРТІПКЕ КЕЛТІРЕТІН – МАТЕМАТИКА

1959 жылы Румынияның Бухарест қаласынан бастауын алған Математикадан халықаралық олимпиада әлемдегі ең беделді, белді білім бәсекесі саналады. 1992 жылы Қазақстан Мәскеу қаласында алғаш рет қатысып, 4 қола медальға ие болған-ды. Содан бері үздіксіз қатысып келеді.

Ұлттық команданың ең үздік жетістігі 2010 жылы тіркелді. Астана қаласында өткен зияткерлік сайыста қазақстандық олимпиадашылар 3 алтын, 2 күміс медаль алып, жалпыкомандалық есепте 5-орынға көтерілді.

Биыл Норвегияның Осло қаласына 104 мемлекеттен 589 жас математик жиналып, өзара мықтыны анықтады. Қазақстан атынан қатысқан 6 оқушының 3-і күміс, 3-і қола медаль алып, командалық есепте 17-орынға тұрақтады.

– Жыл өткен сайын IMO-ға қатысушылардың білім деңгейі көтеріліп, бәсекелестік артып келеді. Егер 2021 жылы олимпиадаға қатысушы 24 баллмен алтын медаль иеленсе, биыл алтын жүлде алу үшін 34 балл жинау қажет болды. Еліміздің намысын қорғаған Сам Фетуллах (Spectrum, Нұр-Сұлтан қаласы), Таир Сатубалдин (Назарбаев зияткерлік мектебі, Алматы қаласы), Мирон Юркевич (Республикалық физика-математика мектебі, Алматы қаласы) екінші орыннан көрінсе, Зауытхан Әділет (Білім-Инновация лицейі, Атырау қаласы), Абу Әділет, (Білім-Инновация лицейі, Ақтау қаласы), Юрий Тен (Haileybury, Алматы қаласы) үшінші орын алды, – деді «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының директоры Ануар Унайбеков.

## ИНФОРМАТИКА ТІЛІ – ЖАҺАН ТІЛІ

Расында, XXI ғасыр – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар заманы десек, оның тілі мен ділін IT мамандар ұғады. Ал бұл ілімнің негізі информатикада жатыр. Қазір әлем елдері компьютердің тілін меңгеріп ғана қоймай, цифрландырудың сырын ұғуда информатика саласын жаппай жетілдіруге кірісті. Осыдан-ақ жас информатиктерді даярлаудың маңызын түсінуге болады.

1989 жылы 16-19 мамырда Болгарияның Правец қаласында Информатикадан халықаралық олимпиаданың негізі қаланды. Алғашқы информатиктердің жарысына 13 ел қатысса, соңғы жылдары 100-ден астам елден 500-ге тарта қатысушы білімін сынап жүр.

1998 жылы Қазақстан Португалияның Сетубал қаласында өткен олимпиадаға алғаш рет қатысты. Біздің білімпаздар 24 жылда 3 алтын, 21 күміс, 37 қола медаль алды. 2016 жылы Ресейдің Казан қаласында 3 күміс, 1 қола медаль жеңіп, командалық есепте 8 орын алып, ең жоғары жетістік тіркелді.

2022 жылғы 7-15 тамыз аралығында Индонезияның Джокьякарта қаласында өткен білімділер алаңында 88 елдің 357 оқушысы екі турда білімін таразылады. Әр турда қатысушылар бағдарламалау бойынша үш мәселені шешу керек-ті. Біздің өрендер олимпиаданың қорытындысы бойынша 2 күміс және 2 қола медальға ие болды.

## ФИЗИКА – БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗ

Физика заңдылығын тану арқылы шексіз, шетсіз әлемді жаратқан Жаратушының заңдылықтарын тануға болады. Міне, физика ғылымының маңызы осында!

Жалпы адамзат бүгінгі жетістікке жетуде физика ғылымына қарыздар.

Кейде елдердің әлеуметтік-экономикалық жетістігін саралауда ғылым саласына назар салса, оның ішінде физика ғылымы ең маңызды рөлге ие екенін жақсы білеміз.

1967 жылы Польшаның Варшава қаласында жер жүзінің үздік физиктері жиналып, физикалық теңдеулер мен есептердің жауабын іздеді. 1997 жылы Канаданың Садбери қаласында өткен IPhO-ға Қазақстан алғаш рет қатысты.

2022 жылдың 10-17 шілдесі аралығында Литваның Вильнюс қаласына әлемнің 75 елінен 368 оқушы қатысушы білімі мен дағдысын екі турда сынады. Бірінші турда – теориялық мәселелерді шешсе, екіншісі турда – зертханалық жұмыстарды орындады.

Олимпиаданың қорытындысы бойынша Нұр-Сұлтан қаласындағы Республикалық физика-математика мектебінің шәкірті Даниил Шатохин алтын медальға ие болды. Ал, күміс медальды Ерсұлтан Пітебай (Назарбаев зияткерлік мектебі, Алматы қаласы), Владимир Лим (№8 мектеп-лицей, Павлодар қаласы), Дінмұхаммед Рахымжанов (№8 мектеп-лицей, Павлодар қаласы), Ризабек Алпамыс (Білім-инновация лицейі, Атырау қаласы) еншіледі.

– Бізге сенім артып, физика пәнінен терең білім берген ұстаздарыма шексіз алғыс білдіремін. Бұл жетістікпен тоқтамай, физика ғылымын терең зерттеп, үлкен жаңалықтар ашқым келеді, – дейді елордалық жас физик Даниил Шатохин.

## ХИМИЯ – ҒАЖАЙЫПТАР ӘЛЕМІ

Орыс ойшылы Михаил Ломоносовтың «Қайда қарасақ та, қайда көз жүгіртсек те көретініміз химия ғажайыптары» дегені ақиқат сөз. Рас, әлемнің сыны мен сырын химиясыз тану мүмкін емес.

1968 жылы 18-21 маусым аралығында Чехияның астанасы Прагада әлемнің жас химиктері білімін саралады. Бұл – химия пәнінен өткен алғашқы халықаралық олимпиада.

1998 жылы Австралияның Мельбурн қаласына 47 мемлекеттің дарындылары келсе, солардың арасында алғаш рет қазақстандық оқушылар да қатысты. 2016 жылы Грузияның Тбилиси қаласында ең жоғары жетістікке ие болды. Онда 3 күміс, 1 қола медаль жеңіп алып, командалық есепте 15-орыннан көрінді.

2022 жылы Қытайдың Тянцзинь қаласында әлемнің 83 елінен 332 оқушы қатысты. Қазақстан атынан қатысқан Мадияр Қасымалы (Білім-Инновация лицейі, Қарағанды қаласы) алтын медаль, Санжар Бисенәли (Назарбаея зияткерлік мектебі, Нұр-Сұлтан қаласы), Санжар Нұрғалиев (Білім-Инновация лицейі, Ақтау қаласы), Альмира Нұрланова (Назарбаев зияткерлік мектебі, Павлодар қаласы) күміс медаль еншіледі.

– Әлемнің ең үздік химиктерінің басы қосылған алаңда қобалжу сезімі болғанын жасыра алмаймыз. Дегенмен команданы бастап барған ұстаздарымыз жігерімізді, ойымызды жинауға көмектесті. Нәтижесінде жақсы көрсеткіш көрсеттік. Қуаныштымын! – дейді Нұр-Сұлтан қаласының мақтанышы Санжар Бисенәли.

## ТІРШІЛІКТІҢ СИПАТЫ – БИОЛОГИЯДА

1990 жылы Чехияның Оломоуц қаласына әлемнің 6 елінен 22 жас биолог келіп, алғашқы Биологиядан халықаралық олимпиаданың шымылдығын түрді.

1994 жылы Болгарияның Варна қаласында өткен IBO-ға Қазақстан тұңғыш рет қатысты. 1995 жылы Тайландтың Бангкок қаласында өткен білімділер бәсекесінде екі оқушы қола медаль жеңіп алып, содан бері қазақстандық оқушылар үздіксіз орын алып келеді. Жалпы, 1995-2022 жылдары біздің олимпиадашылар 2 алтын, 18 күміс, 52 қола медаль еншіледі.

2022 жылдың 10-18 шілдесінде Арменияның Ереван қаласына 63 мемлекеттен келген 250 оқушы теориялық және практикалық турларда өзара бәсекеге түсті. Отандық құрама ел қоржынына 3 күміс және 1 қола медаль әкелді.

## ГЕОГРАФИЯ – БҰЛ ӘЛЕМТАНУ

Наполеон Бонапарт бұл сөзді қандай мәнмен айтқан екен, ә?! Қалай болғанда да, әлем картасындағы елдердің орналасқан орны, табиғаты мен климаты, флорасы мен фаунасы туралы ақпаратты география арқылы білеміз. Яғни географияны жақсы білген адам әлемді жақсы таниды деген сөз.

Біздің білімпаздар әлемді қаншалықты біледі. Мұны Географиядан өткен халықаралық олимпиада арқылы білуге болады.

1996 жылы 4-10 тамызда Нидерландының Гаага қаласында IGeO басталса, Қазақстан 2012 жылдан бастап қатысса, 2017 жылы Сербияның Белград қаласында алғашқы медальды (қола) алады.

Жалпы IGeO тарихында Қазақстан 2 алтын, 1 күміс, 3 қола медаль алды.

2022 жылы Францияның Париж қаласындағы зияткерлік жарысқа 54 мемлекеттен 216 географ қатысып, онда қазақстандық талаптылар 1 алтын, 1 күміс еншілеп, командалық есепте 20 орыннан көрінді.

Ақтөбе қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы Санжар Хамитов команданың қоржынын алтын медальмен толықтырды. Айта кетейік, Санжар жуырда ғана Географиядан Еуропалық олимпиадаға (EGeO) қатысып, алтыннан алқа таққан болатын. Назарбаев зияткерлік мектебінің тағы бір оқушысы, шымкенттік Еркебұлан Тазабек болса қола медаль иеленіп, IGeO-ның екі дүркін жүлдегері атанды.

## ТІЛ – ҚОҒАМНЫҢ АЙНАСЫ

Лингвистика тіл білімін танитын құрал ғана емес, ұлттың болмыс-бітімін зерттейтін ғылым. Әлемде уақыт озған сайын қаншама тіл жойылып, тұтас ұлттар өмір сүруін тоқтатады. Әлемдегі ең жас пәндік олимпиаданың бірі – Лингвистикадан халықаралық олимпиада осы бағыттағы білімді зерделейтінімен қызықты. 2003 жылдан бері өткізілетін олимпиаданың жыл сайын беделі артып келеді.

2015 жылы 20-24 шілдесі аралығында Болгарияның Благоевград шаһарында өткен лингвистердің сайысына Қазақстан алғаш рет қатысып, тоғыз жылда 5 медаль алды.

Биылғы қатысушылар 2 қола медаль мен Құрмет грамотасын алды.

24-31 шілде күндері Қазақстан ұлттық құрама командасы осы беделді олимпиадада ел намысын қорғау үшін Англияға қарасты Мэн аралына аттанды. Биыл өткен зияткерлік жарысқа әлемнің 36 елінен 200 оқушы қатысты.

Бірінші турда – қатысушылар бес тілді зерттеді. Яғни Убых (Абхаз-Адыгей тіл әулетіне жататын жойылып кеткен тіл), Чам (австронезиялық тіл әулеті), Нцъу (соңғы тасымалдаушы ОАР-да тұрады), Арабана (Оңтүстік Австралия штатында 15 тіл иесі), Алабама (Техаста 360 тіл иесі) мән-маңызын түсінуге талпынды. Екінші тур Цинь әулетінің ресми тілдерінің бірі болған маньчжур тіліне арналды.

Олимпиаданың қорытындысы бойынша Дарья Пересыпкина (Физика-метематика мектебі, Нұр-Сұлтан қаласы), Аида Давлетова (Назарбаея зияткерлік мектебі, Нұр-Сұлтан қаласы) қола медальға ие болды.

**P.S:** ***Президент халықаралық пәндік олимпиада жеңімпаздарына біржолғы ақшалай төлемдерді төлеу нормасын қарастыратын заңға қол қойды. Енді алтын медаль алған оқушыға 1 500 АЕК, күміс медальға 1 000 АЕК, қола медальға 500 АЕК көлемінде ақшалай сыйақы беріледі. Сондай-ақ, халықаралық олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері үшін отандық ЖОО-ға автоматты түрде грант тағайындалады. Бұл – олимпиадашыларға үлкен мотивация беретіні анық.***

***Білімді жастарға мемлекеттің қамқорлығы артуымен қатар, көрсеткіш те өскенін көруге болады. Мәселен, 2021 жылы халықаралық олимпиаданың нәтижесінде қазақстандық олимпиадашылар 2 алтын, 13 күміс, 11 қола медаль алып, Тәуелсіздік жылдарындағы рекордтық көрсеткішке ие болған-ды. 2022 жылы 3 алтын, 23 күміс, 39 қола медальға жетіп, ұлтымыздың зияткерлік деңгейі жаңа белеске көтерілді. Бұл – Оқу-ағарту министрлігі жүргізген жүйелі жұмыстардын нәтижесі деуге болады.***

***Жастарымыз биіктерден көрініп, жеңісті күндер көп болсын!***

## Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарының назарына!

Қалалық мәслихаттың 2022 жылғы қыркүйек айының үшінші онкүндігінде өтетін кезекті сессиясының карауына «Құқық қорғау органдарының азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысының жай-күйі туралы» мәселе енгізіледі.

Кезекті сессияның қарауына енгізілетін мәселе бойынша Сіздердің ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды «Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының аппараты» ММ келесі телефондар арқылы: 55-66-36, 55-66-31 және chttp:// www. **maslihat_org@mail.ru** электрондық поштасына хабарлауды сұраймыз.

**Е. КАНАЛИМОВ,**
**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы**

«Астана-Энергия» АҚ 2022 жылдың 21 қыркүйек күні сағат 10:00-де және 11:00-де Нұр-Сұлтан қаласы Байқоңыр ауданы, Проезд 69, 18 ЖЭО-2 әкімшілік мәжіліс залында «2022-2024 жылдарға арналған «Астана-Энергия» АҚ-н ЖЭО-1 және ЖЭО-2 үшін жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы» бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілгені туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында (Ecoportal.kz) және «Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ-нің сайтында танысуға болады https://www.gov.kz/memleket/entities/nur-sultan-upr/press/article/1?activities=31058&lang=ru. Жобалар бойынша қосымша ақпаратты және Zoom конференциялар қосылу сілтемесін 87019424481@mail.ru электрондық поштасы немесе 87784006666 (Жұмабаев Е.Ж. «Экологиялық жобалау орталығы» ЖШС директоры) нөмірі арқылы алуға болады. Жоба тапсырыс берушісі: «Астана-Энергия» АҚ (Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы Усина Гүлнұр Талғатқызы, e-mail: loos_1@mail.ru. ұ.т. 87005713003). Жоба әзірлеушісі ЖШС «Экологиялық жобалау орталығы» болып табылады. Ескертулер мен ұсыныстар ecoportal.kz немесе https://www.facebook.com/nursultanakimat/ поштасы арқылы қабылданады. Әсер ету аумағы Нұр-Сұлтан қаласы, Байқоңыр ауданы.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қалалық Жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны «Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Ы.Дүкенұлы көшесі, 12 мекенжайында орналасқан Жедел медициналық жәрдем қосалқы станциясының ғимаратын күрделі жөндеу» жобалық-сметалық құжаттамасы бойынша қоғамдық талқылауын өткізеді.

Жоспарланған іс-әрекеттің бастамашысы: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қалалық Жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ҚОҚ жобасының әзірлеуші ЖК Татубаев Б.Ж.,: тел: 87079476947 эл.адрес: bgm-86@mail.ru.

Жоба бойынша құжаттама сайтта орналастырылған бірыңғай экологиялық порталда – ecoportal.kz.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар 31 тамыз бен 07 қыркүйек аралығында қоғамдық талқылаулар өткізілетін күнге дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңғай экологиялық порталға – ecoportal.kz жолдауға болады.





# «АЗИЯ ЖАҢҒЫРЫҒЫ»: ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕР

Елордада Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен өтіп жатқан «Азия жаңғырығы» атты XIII халықаралық цирк өнері фестивалінің жеңімпаздары мен арнайы жүлде иегерлері анықталды.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Биыл астаналық цирк күмбезінің астында Беларусь, Венгрия, Вьетнам, Израиль, Италия, Қырғызстан, Молдова, Моңғолия, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан, Франция және Қазақстан сияқты әлемнің 13 елінен келген әртістер өнер көрсетіп жатыр. 28 тамызға дейін жалғасатын цирк өнері мерекесінде Астаналық цирк бас директоры Ерік Жолжақсынов бастаған қазылар алқасы баға берді.

Қазылар алқасының шешімімен қола жүлдені Алмаз Әлжановтың (Қырғызстан) жонглерлері, «Dream of Love» нөмерімен Nguyen Thi Dong және Trinh Van Thang (Вьетнам), «Life-Line» нөмерімен Heizer Dominika Diana (Венгрия), Сергей Ефтоде (Молдова) жетекшілік еткен эквилибр нөмері, Фархад Толоковтың (Қырғызстан) акробаттары, әуе гимнасты Собирзода Мастона Абдуманон (Тәжікстан) иеленді.

Күміс жүлде иегерлері – Рустам Хаметовтың (Өзбекстан) әуе гимнастары, «Sweet Darkness» нөмерімен Kolessnikow Helene, Joguet Anne-Charlotte Emmanuelle, Tesson Louis Marie (Франция), Василий Зозуля (Қазақстан, Нұр-Сұлтан) жетекшілігімен қойылған «Байқоңыр» нөмері, Құрманғали Досбатыровтың (Қазақстан, Алматы) әуе гимнастары.



Алтын жүлде – «Аңыз» нөмерімен Олег Спигин (Ресей), «Тұран» салт атты-акробатикалық ансамблі (жетекшісі Қалқаман Дүйсекұлов (Қазақстан, Шымкент), Равиль Сейдгариевтың (Қазақстан, Алматы) арқан бойымен жүретін тобы.

Ал «Азия жаңғырығы» XIII халықаралық цирк өнері фестивалінің жеңімпаздары, яғни бас жүлде иегерлері – әуе гимнастары Наталья Нарышкина және Глеб Казленко (Беларусь).

«Көрермендер көзайымы» арнайы жүлдесін Фархат Толоков (Қырғызстан) жетекшілік ететін акробаттар иеленді.

«Астаналық цирктің» арнайы жүлдесі Николай Кириченко (Ресей) басқаратын «Вольтижерлер – Кириченко тобы» нөмеріне берілді.

Астаналық цирктің бас директоры атынан арнайы жүлде Медихат Мингазовтың (Ресей) «Чаплин» нөмеріне, Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің жүлдесі әуе гимнасты Собирзода Мастона Абдуманонға (Тәжікстан) бұйырды.

Басқа арнайы жүлделер төмендегідей бөлінді:

«Латина» атты цирк өнері халықаралық фестивалінің президенті Фабио Монтиконың (Италия) жүлдесі – «Тұран» салт атты-акробатикалық ансамблі, жетекшісі Қалқаман Дүйсекұлов (Қазақстан, Шымкент);

Беларусь Мемлекеттік циркінің директоры Владимир Шабанның жүлдесі – әуе гимнасты Собирзода Мастона Абдуманон (Тәжікстан);

Қырғыз Мемлекеттік циркінің директоры Фархад Бекманбетов жүлдесі – «Тұран» салт атты-акторбатикалық ансамблі, жетекшісі Қалқаман Дүйсекұлов (Қазақстан, Шымкент);

Қазақ Мемлекеттік циркінің директоры Мақсат Жайықовтың жүлдесі – «Аватар» нөмері (Моңғолия);

Венгрияның Цирк өнері орталығының директоры Питер Фекетенің жүлдесі – клоун Ксения Зубова (Ресей);

Тәжік Мемлекеттік циркінің директоры Бахтиёр Рахматуллоның жүлдесі – эквилибрист Аман Смағұлов, (Қазақстан, Нұр-Сұлтан), әуе гимнастары Наталья Нарышкина және Глеб Казленко (Беларусь), «Уақыт түйіні» нөмерімен Adar Yahav (Израиль), «Жаңбырда самғау» нөмерімен Марина Стародубова мен Даяна Жетпісова (Қазақстан, Алматы);

«Ontustik» телеарнасының бас директоры Уәли Қыдырдың жүлдесі – акробат Павел Синельников (Беларусь);

«Шымкент-Цирк» көркемдік жетекшісі Сұлтан Срайыловтың жүлдесі – «SKY» акробаттар дуэті Ilatovskii Anatolii, Beletskaia Aleksandra (Қырғызстан), акробат Павел Синельников (Беларусь);

«Латина» атты цирк өнері халықаралық фестивалінің президенті Фабио Монтиконың (Италия) осы фестивальге арнайы шақыруы әуе гимнастары Наталья Нарышкина және Глеб Казленкоға (Беларусь) берілді.

Алмаз Әлжановтың (Қырғызстан) жонглерлерін Венгрияның Цирк өнері орталығының директоры Питер Фекете осы елдегі цирк фестиваліне қатысуға, ал Қазан мемлекеттік циркінің директоры «Уақыт түйіні» нөмерімен өнер көрсеткен Adar Yahav-ты (Израиль) жұмысқа шақырды.

# МУЗЕЙ МЕН МЕКТЕПТЕР МЕМОРАНДУМЫ

Ұлттық музей мен Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Мақсаты – мектеп оқушыларының тарих, археология, этнография және мәдениет салаларындағы білімдерін тереңдету, зерттеушілік және шығармашылық әлеуетін дамыту.

Іс-шара барысында Ұлттық музей директорының міндетін атқарушы Айбек Сыдықов ынтымақтастық туралы меморандумның маңыздылығына тоқталып өтті.

– Бұл меморандум оқушылардың еліміздің тарихы мен мәдениеті туралы білімдерін тереңдетуге, мектеп пен музей арасында алтын көпір орнатуға және «Музейдегі мектеп күні» жобасы арқылы музейді жас ұрпақтың шығармашылығын дамыту құралы ретінде насихаттауға зор мүмкіндік береді, – деді А. Сыдықов.

Өз кезегінде қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев халқымыздың ғасырдан-ғасырға тамыр тартатын тарихын халық арасына, кейінгі ұрпаққа таратудағы Ұлттық музейдің рөліне тоқталды.

– Оқушылар кітаптан оқып қана қоймай, жәдігерлерді өз көздерімен көріп, музей қызметкерлерінен сабақ алса, бұл олардың жадында, есінде тез сақталып, ерекше әсер етеді. Осындай ұсыныс жасағандарыңыз үшін алғыс білдіремін. Бұл еліміздің алғашқы үздік жобалардың бірі болады деп ойлаймын, – деді Қ. Сенғазыев.

Алдағы уақытта меморандум аясында тараптар арасында интерактивті музейлік сабақтар, экскурсиялар және практикалық іс-шаралар жүзеге асырылатын болады.

# ПРЕЗИДЕНТ КУБОГЫ: АЛҒАШҚЫ НӘТИЖЕЛЕР

16 тамыз күні елорданың «Барыс Арена» спорт сарайында хоккейден «Қазақстан Республикасы Президентінің кубогы» турнирі басталды. Алаң иесі астаналық «Барыс» алғашқы ойында Екатеринбургтің «Автомобилист» командасымен кездесіп, 3:4 есебімен есе жіберді.



Бір өкініштісі, «Барыс» қосымша уақытта, яғни овертаймда қақпасына төртінші шайбаны жіберіп алды. Астаналық команда сапында Никита Михайлис, Джереми Бракко және Энтони Луис бір-бір шайбадан соқты. Кеше «Барыс» Нижнекамсктың «Нефтехимігін» қабылдады. Бұл команда да алғашқы ойында Магнитогорскінің «Металлургінен» 1:4 есебімен ойсырай жеңілді. Сондықтан қос қарсыласқа жеңіс ауадай қажет. Ал турнир 19-тамызға дейін жалғасады.

**Баян АСЫЛБЕКОВА**

## НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?



ҮЙІРМЕЛЕР МЕН КЛУБТАР ЖҰМЫСЫ – АРТ-ТЕРАПИЯ, ШАХМАТ, ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ, АҒЫЛШЫН ТІЛІ

№15 көпшілік кітапханасы

**16-20 тамыз**
**10.00-17.00**




Т. ХАСАНҒАЛИЕВА «ОРМАНДА БОЛҒАН ОҚИҒА» (ЕРТЕГІ)

**19 тамыз, 16.00**
**20, 21 тамыз,**
**14.00, 16.00**



«МЕНІ ҚАНДАЙ КІТАП КҮТІП ТҰР, ҚАНДАЙ КЕЙІПКЕРДІ КЕЗДЕСТІРЕМІЗ?»

№4 балалар кітапханасы

**19 тамыз**



CREATIVE SUMMER DEMALYS PROMENADE ЖӘНЕ «САМАЛ» ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІГІ

Қалалық алаң

**20-21 тамыз,**
**12:00-22:00**



«ҚАЗАҚ БИ ӨНЕРІНІҢ ХАНШАЙЫМЫ» ӨНЕР САҒАТЫ

Орталық қалалық кітапхана

**20 тамыз**



«ҚАЗАҚ БИ ӨНЕРІНІҢ ХАНШАЙЫМЫ» ӘДЕБИ САБАҒЫ

№3 көпшілік кітапханасы

**21 тамыз**

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

**Тапсырыс №97**

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8. 5-кеңсе «KOMEK INV» ЖШС

**Редакция мекенжайы:**
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК
astana.aqsham@gmail.com

**Қабылдау бөлмесі:**
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

**astana.akshamy@mail.ru**

Кезекші редактор – **Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**